

ÁLEÝMET

ПАРАСАТТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІ

2-бет

DÚBIR

САЛА
ҮЗДІКТЕРІ

3-бет

ZERDE

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ
ТАМЫРШЫСЫ

5-бет

RÝHANIAT

АЛАШАҚ пен
БЕРЕШЕК

6-бет

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ТЕЛЕАРНАНЫҢ АЛПЫСЫНШЫ АСУЫ

Осыдан 60 жыл бұрын Жезқазған қаласы тұрғындарының үйіне көгілдір экранның келе бастауы елеулі оқиға болған еді. Содан бері теледидар халықтың рухани игілігіне айналды. Заман талабына сай ұдайы даму үстінде келе жатқан жергілікті телеарна мысты қаламен бірге өсіп, өркендей түсуде. Биыл 60 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған «Дидар» телеарнасының өткен жолы мен қазіргі тыныс-тіршілігі жайлы БАҚ құралдарының кәсіби мерекесі қарсаңында сөз қозғағанды жөн көрдік.

Газет беттеліп жатқанда облыстан қуанышты хабар келіп жетті. «Дидар» телеарнасы «Қарағанды облысы журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығына ие болды. Құтты болсын, әріптестер!

Жезқазған теледидарының тарихы 1959 жылдың 5 қыркүйегінен басталады. Кен-металлургия комбинатының бір топ қызметкерлерінің қолға алуымен әуелде әуесқой теле-студия ретінде жұмыс істеп, әзирге тек кино бағдарламаларымен шыққан көрінеді. Бір жыл өте келе республикалық телевидение және радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеттің жас қалада студия мен телеорталық құру туралы бұйрығы шықты. Әуесқой студия мемлекеттік құрылымға айналды. Сол жылы, нақтылап айтар болсақ, 1960 жылғы 30 наурызда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабай Төшевтен Жезқазған телевизия орталығын Байланыс министрлігінің қарамағына беру туралы қаулыға қол қойды. Бү-



гінге дейін пайдаланылып отырған телеорталық ғимаратының құрылысы 1964 жылы жүргізіліп, 1965 жылы толық аяқталған болатын.

— Жезқазған телестудиясының директоры Зиновий Шкундиннің шақыруымен 1964 жылдың қыркүйек айының басында мен осы қалаға келіп, теледидарға жұмысқа орналастым. Алғашқыда комбинаттың шағын студиясы ретінде ашылып, мемлекет құзырына өткеніне үш-төрт жылдай ғана болған мекеме ғимаратының құрылысы салынып, аяқталуға жақын қалыпты. Қазіргі ғимараттың отүстігінде іске қосылған 20 шаршы метрдей шағын бөлмеде студия көрсеткіштері әзирге шығарылатын орын болды.

Оның үлкен төрелігі бір қабырғасына студияның басқару пульті орналасқан екен. Мен жұмысымды осы пультті басқаруды үйренуден бастадым. Көп ұзамай, сол күздің аяғына қарай ғимарат құрылысының негізі жұмыстары аяқталып, жаңа студияның кең де жарық павильоны мен екінші қабатта орналасқан техникалық-құралдармен жабдықталған басқару пульті және басқа да қызмет бөлмелері пайдалануға берілді, — деп еске алады телеарнада редактор, режиссер болып 22 жыл еңбек еткен журналистика ардагері Аманжол Үсентегі.

Жергілікті телеорталықты Бүкілодақтық телевидение жүйесіне қосу да сол уақыттағы күрделі міндеттің бірі

болған екен. Бұл жөнінде бастама көтеріп, белсене атсалысқандардың бірі комбинаттың бас энергетигі Самарий Лана болатын. Одан әрі кен-металлургия комбинатының директоры Виктор Гурба КСРО Түсті металлургия министрі П.Ломакомен сөйлесіп, келісімге келуінің арқасында ғана мәселе ойдағыдай шешілген көрінеді. Мәскеудің Орталық телехабарларын «Орбита» стансасы 1969 жылдың 14 сәуірінен бастап қабылдай бастады. Ал 1984 жылдан бастап түрлі-түсті телебағдарлама көрсетуге қол жеткізілген.

Уақыт ағымына қарай Жезқазған телевидениесі өз мәртебесін жиі ауыстырды.

►►► 3-бетте

Құрметті Жезқазған қаласының бұқаралық ақпарат саласының қызметкерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби меркелеріңізбен құттықтаймыз!

Бұл мереке журналистер, полиграфшылар, теледидар мен радио қызметкерлері сияқты өздерінің шығармашылық еңбегімен біртұтас ақпараттық кеңістікті қамтамасыз ете отырып, адамдардың ойында жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы жасампаздық процестердің әлеуметтік тірегін кеңейтетін әр түрлі мамандық өкілдеріне арналған.

Бүгін әлемді бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін болмаған кезде, Сіздердің кәсіптеріңіз аса маңызды және сұранысқа ие. Қоғам мүшелерінің болып жатқан дүниелерді көре алуы және оларға үн қатуы Сіздердің кәсіпқойлығыңыз бен адалдықтырыңызға тікелей байланысты.

Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының майталмандары!

Сіздердің қаламыздың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне, адамдардың мұқтаждары мен тілектеріне аса кеңіл бөле отырып, жасап жатқан риясыз еңбектеріңіз үшін зор ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздерге жаңа шығармашылық идеялар, кәсіби өсу, бақыт пен көптеген өмір игіліктерін тілейміз! Ақпараттарыңыз ерқашан қызықты және күткен нәтижеден қашанда жоғары болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГИМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Құрметті Жезқазған қаласының байытушылары!

Сіздерді кәсіби мереке – Байытушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Металлургия және кеншілермен қатар кен байытушы мамандығы біздің қалада ерекше мәртебеге ие. Өйткені осы ізгі мамандықтардың өкілдері біздің мысты өлкеміздің негізін қалап, жарқын болашағына жол ашты және сол миссияларын жалғастырып келеді.

Осы тамаша мерекеде біз байытушыларды құрметтей отырып, ең алдымен, ерен еңбек пен патриотизмнің жарқын үлгісі болып табылатын ардагерлерге жылы лебізімізді жеткізіміз келеді. Біз Сіздердің мамандықтарыңызға деген шексіз адалдықтырыңыз үшін алғыс айтамыз!

Құрметті байытушылары!

Минералды шикізатты байыту процесі өте күрделі және Сіздердің қызметіңіз біздің басты байлығымыз – мыс өндірісіндегі маңызды тізбек болып табылады.

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, амандық және еңбекте табыс тілейміз! Туған жер қойнауындағы қазынамыз сарқылмасын! Сіздер оны байытып, қаламыздың және барша адамдардың игілігіне жарата беріңіздер!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГИМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

ГАЗ ҚҰБЫРЫ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА ЖАҚЫНДАДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуіне сәйкес 1136 шақырым қашықтықты құрайтын «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы жүргізіліп жатқаны белгілі. Жоспарға сәйкес оның құрылысы биылғы жылдың желтоқсан айында аяқталады. Бірінші кезекте Елорданы көгілдір отынмен қамтамасыз етуді көздеген бұл құбырдың 26,3 шақырымы біздің қала аумағынан өтеді. Қызылорда облысының Қараөзек жерінен басталған газ құбырының қазірде 420 шақырымы тартылып, дәнекерлеу жұмыстары Жезқазғанға жақын жерде жүргізілуде.

Жақында есеп берген Энергетика министрі Қанат Бозымбаев елімізде газдандыру деңгейі 49,7%-ға жеткенін айтып өтті. Қазірдің өзінде шамамен 9 млн. қазақстандық көгілдір отынның игілігін көріп отырған көрінеді. «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы кестеге сай жүргізіліп жатыр. Бұл құрылыс аяқталғанда елді газбен қамтамасыз ету деңгейін жыл аяғына дейін 50%-дан асыру көзделіп отырғанын алға тартты министр. Аукымды жобаны жүзеге асыру арқылы Елордамен бірге бірінші кезекте Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Сәтбаев, Сараң, Шахтинск қалаларының 171 елді мекені газбен жабдықталып, 142 мың тұрғын көгілдір отынмен қамтылмақшы. Осыған байланысты Жезқазған қаласында да көлемді жұмыстар атқарылуда. Құжаттарды жинақтау және жобаны нақтылау жөніндегі жұмыстар бүгінде толықтай тиянақталды. Жезқазғанды газбен қамтамасыз ету жобасына қажетті 14,5 млрд. теңге қаржының бөлінуі мемлекеттік сараптамадан өтті.

Қаланы газдандыру жөніндегі комиссия құрылып, барлық техникалық мәселелерді айқындады. «КАТЭК» жобалау-зерттеу компаниясы арқылы сметалық-жобалау жұмыстары ойдағыдай жасалды. Қаламыздағы 12 мың тұрғынды құрайтын 3,5 мың жекеменшік және 14 көп қабатты үйлер көгілдір отынмен қамтылады. Сонымен қатар, мыс қорыту зауыты мен «Казкат» сияқты екі ірі кәсіпорынға газ

тартылатын болды. Жалпы Жезқазғанды газбен қамту үш кезектен тұрады. Бірінші іске қосу Талап ауылы мен Бөгенбай батыр ықшамауданын одан кейін Қабанбай батырды (Геология кенті) қамтиды. Екінші кезек бойынша ең әуелі Бекболатсай мен Қостанкелді ықшамаудандары қосылады, одан кейінгі іске қосу 91-99 орамдарда, 7-8-ықшам аудандарда, бұдан соң Батыс ауданында жүргізіледі. Үшінші кезектің бірінші іске қосылуы 66-84 орамдарды, екінші іске қосылуы 1-8 орамдарды қамтымақшы. Үш кезектегі құбыр желілері 170,4 шақырымды құрайды. Жылына болжам бойынша табиғи газ тұтыну көлемі 61,5 млн. текше метр болады.

«Сарыарқа» магистральды құбырынан газ беріп, тарататын «АГРС-Жезқазған» бөлу стансасы Талап ауылына жақын маңда орналасады. Сонымен өңірімізді көгілдір отынмен қамтып, мыңдаған отбасының әлеуметтік жағдайын жеңілдетуді көздеген үлкен жоба құрылысы қала аумағына жақындап қалды. Сонымен қатар, ұчаскерлерге бөлінген құбыр төсеу жұмыстары бізбен шектес Жаңаарқа ауданының аумағында да жүргізіліп жатыр. Дәнекерлеу жұмыстарының орташа қарқыны күніне 7-8 шақырымды құрайды екен. Магистральды құбыр құрылысында 2200 адам еңбек етіп, 700-ге жуық арнайы техникалар жұмылдырылған. Амандық РАХҰЛЫ

«САРЫАРҚА» МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ СХЕМАСЫ



БӘРЕКЕЛДІ!

АРДАГЕРЛЕРІМІЗ ЖОҒАРЫ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ



Ақпарат және байланыс саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Saryarqa» газетінің ардагерлері жоғары марапатқа ие болды.

Атап айтқанда, ҚР Ақпарат саласының үздігі, газетімізде ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен 1997-2002 жылдары редактор болған Амандық Рахұлы Қазақстан Журналистер одағы басқармасының шешімімен «Қазақстанның Құрметті журналісі» атап, «сарыарқалық» тағы бір ардагер-журналист Сәуле Нүрекеноваға «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі берілді.

Қос ардагерге Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларынан жеткен атақтарын Ақпарат және байланыс қызметкерлері кәсіби мерекесіне орай өткен салтанатты іс-шарада қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен ҚР Кәсіпқатар федерациясының Жезқазған аймағы бойынша өкілі Бағлан Мырзаханов табыс етті.

Өз тілшіміз



Оқырмандар назарына!

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталғанын хабарлаймыз.

Газетке жазылу құны Жеке тұлғалар үшін:

– Редакциядан келіп алушыларға – 1500 теңге;

– Мекенжайға жеткізіп беру – 2000 теңге;

Мекеме, кәсіпорындар үшін:

– Редакциядан келіп алушыларға – 3000 теңге;

– Мекенжайға жеткізіп беру – 3500 теңге.

Газетке жазылу шарттары туралы қосымша мәліметті 8(7102) 77 50 25, 71 07 01, 71 00 55 телефондары арқылы біле аласыздар.



SARYARQA-AҚПАРАТ

ЕЛБАСЫ АРЫСТАҒЫ ЖАҒДАЙҒА АЛАҢДАУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Арыс тұрғындарының тағдырына алаңдаулы екенін білдірді. Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президентінің баспасөз хатшысы Айдос Үкібай мәлім етті.

«Бүгінгі күндері барлық қазақстандықтар Арыс қаласының тұрғындарының қайғысын қақ бөлісіп, алаңдауда. Нұрсұлтан Назарбаев төтен жағдайдың салдарынан зардап шеккен Арыс тұрғындарының тағдырына алаңдап отыр», – деп жазды ҚР Тұңғыш Президентінің баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Twitter парақшасында.

Еске сала кетсек, Арыс қаласындағы әскери бөлімнің қоймасында 24 маусым күні таңертең жарылыс болды. Апат салдарынан екі адам мерт болды.

Түркістан облысына арнайы барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Арыстағы әскери бөлімшедегі оқ-дәрі қоймасындағы жарылыстан зардап шеккен қала тұрғындарымен кездесіп, қаланың қалпына келтірілетініне үде берді.

Сейсенбідегі Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин Жарылыс салдарынан көз жұмғандардың туған-туыстарына көңіл айтып, тұрғындарға барлық көмек көрсетілетініне үде берді.

Жалпы аласапыран кезде мыңдаған ата-ана балаларынан көз жазып қалған болатын. Қазіргі уақытта олардың барлығы да балаларымен қауышты, барлығы дін-аман

АБАЕВ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ АЖЫРАТА БІЛугЕ ШАҚЫРДЫ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев жалған ақпаратты ажырата білуге қатысты пікір білдірді.

Жалған ақпаратты қамтитын роликтер көптеп кездесетініне тоқталған министр, осы орайда әрбір адам бұл мәліметтерді ажырата білуі керектігін жеткізді.

– Бұл бағыттағы жұмыстар жетілдіріліп жатыр. Алайда жалған ақпараттарды да жетілдіру деңгейі байқалады, – деді Дәурен Абаев Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Министрдің атап өтуінше, жалған ақпараттарды анықтауда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жалғыз күш-жігері жеткіліксіз.

Баланы тарбиелуде (баланың дамуына зиян келтіретін мәліметтерге тосқауыл бойынша) ата-ананың да күш-жігері керек. Яғни, балалар нені көріп жатқанын немен айналысып жатқанын қарау қажет. Білім және ғылым немесе Ақпарат және қоғамдық даму министрліктері осының барлығын қадағалай алмайды. Бұл бағыттағы шараларды ата-аналар да назарда ұстауы керек, – деді министр.

МҮГЕДЕКТЕР ШИПАЖАЙ ТАҢДАУ МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова мүмкіндігі шектеулі жандарды сауықтыру мәселесі туралы айтты.

– Санаторий-курорттық емдеу орнын таңдау мемлекеттік сатып алулар арқылы жүзеге асырылады. Нысан міндетті түрде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болуы керек. Мәдениет және спорт, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесіп, бұл нысандарды қызмет көрсетушілер тізбесіне тіркелуін және қолжетімділік паспортның болуын міндеттеуді көздеп отырмыз, – деді вице-министр Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылған соң, адамдар санаторийге таңдау жасай алады. – Мәселен Нұр-Сұлтан қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандар таңдау жасай алмайды. Қай жері ауырса да, Қотыркөлге жіберіледі. Портал іске қосылғанда, адам өз денсаулығына қарай шипажай таңдай алады. Тірек-қимыл жүйесі бұзылса, Мойылдыға немесе балшықпен емдеуге болады дегендей. Қазір бұл мәселе порталдың жұмысына тікелей байланысты, – деді Светлана Жақыпова.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

2019 жылдың 1 шілдесінде Әлеуметтік қызметтер порталы пилотты түрде іске қосылады.

– 2019 жылдың 1 шілдесінде порталдың бірінші кезеңі іске қосылады, онда адам әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымды таңдай алады. Ең алдымен бұл жоба Ақтөбе қаласында қолданысқа өнеді. Себебі, бізде отбасыға көшеңді көмек көрсететін цифрлық шешімдер өте көп. Әлеуметтік карта бұл жобаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ақтөбе облысы Е-һалық ақпараттық жүйесін жүзеге асыруға дайын екенін көрсетті. Аталған факторларды ескере отырып, Ақтөбе облысы мақұлданды, – деді С. Жақыпова Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, пилоттық жоба сәтті жүзеге асырылса, қараша-желтоқсан айларында портал Қазақстан бойынша толық іске қосылады. Ал 2020 жылдың 1 қаңтарында портал мүлтіксіз жұмыс істеуі қажет.

Әлеуметтік қызметтер порталын іске қосу үшін бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу қажет. Бұл түзетулер дайын тұр. Әсіресе жыл соңына дейін мемлекеттік сатып алулар туралы, мүгедектерге әлеуметтік көмек туралы, жергілікті мемлекеттік туралы заңдарға өзгерістер енгізу қажет. Қазір мемлекеттік органдармен келіссөздер жүріп жатыр, – деді вице-министр.

Айта кетейік, әлеуметтік қызметтер порталы мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалтуға арналған техникалық құралдарды сатып алуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда 685 мыңнан астам мүгедектік бар адамдар өмір сүреді, оның 421 мыңы – еңбекке қабілетті жаста, 176 мыңы – зейнет жасында, ал 18 жасқа дейінгі балалар саны – 88 мың.

БОЛАШАҚ АУЫЛ ЖУРНАЛИСТЕРІНЕ ГРАНТТАР БӨЛІНЕДІ

Қарағанды облысында жыл сайын ҚарМУ-дың «Журналистика» мамандығына түсетін ауыл мектептерінің түлектеріне гранттар бөлінеб. Бұл туралы аймақ басшысы Ерлан Қошанов «Өңірлік БАҚ. Даму векторлары» атты форумда айрықша атап айтты.

Сондай-ақ, облыс орталығында медиа-клуб құру жоспарларына тоқталды. Журналистер үшін бұл арнайы алаң көворкинг-орталығы және баспасөз конференцияларына арналған жабдықталған залды біріктірем. Мұнда сонымен қатар, журналистер мен баспасөз хатшылары үшін шеберлік сыныптары, тренингтер мен семинарлар өтеді.

БАҚ қызметкерлері мерекесіне орай ұйымдастырылған форум өңірлік журналистикаға арналды. – Әлі де газеттерді оқып, жергілікті жаңалықтарды көруге дайын адамдар бар, өңірлік БАҚ қалаларымызда, аудандары мен кенттерде жалғасын табады. Жұмысын тоқтатауы үшін олар дамуы керек. Біз өз тарапымыздан оған бар көмекті аямаймыз. Сонымен қатар, бұған бірінші кезекте мемлекеттік органдар мүдделі, – деді Ерлан Қошанов.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

МҰҒАЛІМДЕР мен ДӘРІГЕРЛЕРДІ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ: тәртібі, мерзімі мен талаптары

Қазақстан ипотекалық компаниясы екі министрлікпен келісім жасасып, мұғалімдер мен дәрігерлерге бастапқы жарнасыз 3 мың пәтер жалға берілетінін (кейін сатып алу мүмкіндігімен) жария етті. Яғни, осы үйлердің жартысын ұстаздарға, жартысы ақ халатты абзал жандарға беріледі. Баспананы бөліп төлеу құны қанша? Үйге қол жеткізудің талаптары қандай? Алғашқы пәтерлер қашан беріле бастайды? Тақырыпты тереңірек талдап көрелік.

Пәтер көзегінде 15 мың дәрігер, 10 мың мұғалім тұр.

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, бүгінде 15 мың медицина қызметкері баспанаға зәру. Тағы 10 мың мұғалімнің үйге қол жеткізе алмай жүргенін Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы Арын Орсариев те айтып отыр. 3 мың пәтер осы 25 мыңдық қажеттілікті жаба қоймас. Десе де...

«Қазіргі таңда Қазақстанда 400 мыңға тарта медициналық қызметкер еңбек етеді. Олардың ішінде 170 мың мейірбике мен 60 мың дәрігер бар. Әлбетте, осы баспана тапшылығы мәселесінің бары белгілі. Қазақстан ипотекалық компаниясымен меморандумға қол қою – біз үшін қуанышты жағдай. Менің ойымша, осы шаралар арқылы дәрігер мен мейірбикелердің әлеуметтік жағдайы көтеріледі. Бұл тікелей медициналық қызметтің сапасын арттыруға септігін тигізеді», – дейді Елжан Біртанов.

Өз кезегінде Арын Орсариев компания мен министрліктердің арасындағы жұмыс механизмі қалай жасалатынын айтып өтті. «Қазақстан ипотекалық компаниясы (ҚИК) Білім және ғылым министрлігіне қанша пәтердің бары туралы хабарлама жібереді. Ол хабарламада пәтердің шаршы

метрі, қабаты, бағасы бәрі көрсетіледі. БҒМ кезектегі адамдарға өтініш хат жібереді. ҚИК қатысушылармен жалға алу шартын жасайды. Осы шарт 240 айға арналған. Бір жолғы төлем – 1 пайыз», – деді ол

Бағдарламаның артықшылығы неде?

Бағдарламаны қаржыландыруға «ҚИК ІУ» АҚ-ның шамамен 40 млрд теңге мәншікті қаражаты мен нарықтық талаптарға сәйкес, қарызға алынған қаражат жұмсалатын болады. Компанияның басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджановтың айтуынша, қатысушылар үшін жалға берілетін тұрғын үйді өткізу талаптары мынадай: тұрғын үйді жалдау мерзімі 20 жыл. Баспана бастапқы жарнасыз беріледі. Тұрғын үйді кез келген уақытта және айыппұл санкцияларын қолданусыз мерзімінен бұрын сатып алу мүмкіндігі бар. Кіріс жеткіліксіз болған жағдайда кепілгерлерді тарту мүмкіндігі де қарастырылған. Бұл ретте бағдарлама бойынша жалгерлік төлемнің орташа айлық құны республика бойынша орташа бағадан төмен болмақ.

Тұрғын үй алуға үміткерлер тізімін тікелей министрліктер құратын болады. Өз кезегінде «ҚИК ІУ» АҚ берілген қызметкерлердің төлем қабілеттілігін тексеріп, бағалау қорытындысы бойынша

өтінімдері мақұлданған үміткерлермен ұзақ мерзімді жалдау шартын бекітеді. Баспана алудың басты талаптары Арын Орсариев білім саласының қандай қызметкерлері аталмыш бағдарлама бойынша үй ала алатынын айтып берді.

«Жалпы бағдарламаға қатысуға кімнің құқығы бар? Министрліктің және ведомствоның бағынысты ұйымдарының қызметкерлері кезек тәртібі бойынша ала алады. Соңғы бес жылда олардың атында тұрғын үй болмауы керек. Сондай-ақ, төлем қабілеті расталуы тиіс. Яғни, кіріс туралы анықтама алып келуі қажет. Кейін сатып алу құқығымен тұрғын үй беріледі», – дейді ол. БҒМ жауапты хатшысы шамамен бұл үйлердің қанша тұратынын да есептеп беруге тырысты.

«Шаршы метрін 260 мың теңге деп есептесек, 50 шаршы метрлік үйі шамамен 13 миллион теңге тұрады. Егер жалға беру мерзімі 20 жыл болса, ай сайынғы төлем шамамен 60-70 мың теңге болмақ. Егер біз келісімшартты 15 жылға жасар болсақ, айына 80-90 мың теңге айналады», – дейді Арын Орсариев. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов болса ең алдымен мұқтаж отбасыларға маңыз берілетінін атап өтті.

«Жалға берілетін пәтерді медициналық саладағы барлық маман иесі ала алады. Дәрігерлерден бөлек, медбикелер, ауруханаларда еңбек ететін мамандар, яғни есепшілер мен инженерлердің де өтінім беру құқығы бар. Яғни, лауазымы бойынша ешкімге ешқандай басымдық берілмейді. Осыған дейін айтылғандай, өтінім берген медициналық қызметкердің және оның отбасы мүшесінде атында

керек. Қысқаша айтқанда, баспанаға барынша мұқтаж қызметкерлерге маңыз беріледі», – деді Елжан Біртанов.

Келісімге келді! Үйді қашан аламыз? «Меморандумға қол қойылды. Министрліктер өңділі кезекте тізімін беруі тиіс (кезекте тұрғандардың). Осыдан кейін біз кезекте тұрған мұғалімдер мен дәрігерлердің төлем қабілеттілігін тексереміз. Керекті құжаттар бар ма, жоқ па – анықтамалардың бәрі зерделенгеннен кейін осы жұмысты бастаймыз», – деді «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ІУ» АҚ атқарушы директоры Мақсат Меңдібаев.

Оның сөзіне қарағанда, екі министрлік кезекте тұрғандардың тізімін дайындап жатыр. Ол тізімде Қазақстанның барлық аймақтарында пәтер көзегінде тұрған азаматтар бар. Ал «ҚИК ІУ» АҚ Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджановтың сөзіне сүйенсек, алдағы 2-3 айда пәтерлер беріле бастайды.

«Мұғалімдер мен дәрігерлердің қандай пәтер алғысы келетініне байланысты төлем қабілеттілігі пысықталады. Орташа есеппен Нұр-Сұлтан немесе Алматы қаласы туралы айтар болсақ, айлық төлем шамамен 55 мың теңге болады. Тісінше, бұл төлемді ай сайын жүргізіп тұру үшін отбасының кірісіне қараймыз. Яғни, күнкөріс минимумы мен отбасының несіесі бар ма, жоқ па тексеріледі. Осының бәрі зерделенгеннен кейін жағдайы барын білсек, біз келісімшарт жасасамыз. Оның үстіне кепілгерлерді тарту мүмкіндіктерін де қарастырып отырғанымызды айттық. Демек, отбасының кірісі жетпей жатса, кепілгерлерді тартып, баспана ала алады», – деді ол.

ҚАЗАҚПАРАТ

ПАРАСАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ

Қанша ғасыр бойы халқымыз дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсады. Ешкімге соқтықпай жай жатқан елімізге көз алартқан душпандарымыз аз болған жоқ. Жан-жақтан анталаган жауларымыз халқымыздың басына ауыр нәубеттер әкелгені де тарихтан белгілі. Бүгінде әлемде өзге мемлекеттің қарамағында болып, тілің дінін жоғалтып, санасы тұмшаланған ұлттық рухынан айрылған жері де, елі де жоқ босып жүрген халық қаншама?! Қазақтың да басында осындай жағдайлар болғанын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, біздің халық бұл ауыр азаптан ұлттық рухының биіктігінен аласармай, ата-бабамыз аңсаған егемендік таңына жетті.

Қазақ елі өлкемге дербес, тәуелсіз ел болып танылды. Алаш аты алты құрлыққа аян болды. Дегенмен күшті әрі мықты мемлекет болу үшін жас қазақ мемлекетінің алдында үлкен міндеттер тұрған еді. Елбасы, Н.Ә. Назарбаев әр жылдары болашаққа стратегиялық жоспарлар құру арқылы, түрлі салада реформалар жасау арқылы Қазақ мемлекетін жаңа бір биік белеске көтергені жасырын емес. Н.Ә. Назарбаев жан-жақты дамыған мемлекет құруды мақсат етті және де сол сара жолда елі де дамып келеміз.

Мемлекеттің қайнар көзі – халық. Бұл біздің Ата заңымызда да анық жазылған. Халықты қорғайтын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, әлеуметтік жағдайларын көтеретін, береке-бірлігін нығайтатын, біртұтастығын сақтайтын, экономикалық кризистерден алып шығатын, халықтың абыройын асқақтатын ол әрине – мемлекет. Алайда, мемлекеттің дамуы үшін де, дамыған мемлекетке

айналуы үшін де мемлекетке қызмет ететін білікті де білімді мамандар қажет.

Мемлекетке қызмет ететін тұлғаларды мемлекеттік қызметкер немесе мемлекеттік қызметші деп те атайды. Ал осы мемлекеттік қызметкерлердің алдында да үлкен жауапкершіліктер тұрғаны мәлім. Мәселен, мемлекеттік қызметкерлер бақылауда болады және есеп беріп тұрады; бағынышты мемлекеттік қызметкерлер мен төменгі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды қызметкерлерінің өздерінің өкілеттігі шеңберіндегі шешімдерін орындауға міндетті; мемлекеттік құпия болып табылатын немесе заңмен қорғалатын құпиядан басқа, қоғамдық пікір мен жариялық ескеріліп отырады; мемлекеттік қызметкердің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе көңілдегідей етіп орындамағаны үшін және өз өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке басы жауапты; мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттырып отыруы тиіс.

Бүгінде мемлекеттік қызметкердің алдында тағы бір үлкен мәселе тұр.

Ол өз саласының маманы ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен халық арасын байланыстырушы тұлға. Яғни, мемлекеттің халыққа қызмет көрсетуші өкілі, қарапайым тілмен айтқанда мемлекеттің айнасы.

Осы жерде заманауи мемлекеттік қызметкер қандай болуы керек деген сауал туындайды. Қазір халықтың көзі ашық, көкірегі ояу.

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ТЕОРИЯСЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ



«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру мақсатында М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында «Әлем әдебиеті теориясы қазақ тілінде» тақырыбында конференция өтіп, онда әлем әдебиеті теориясының жинақтары таныстырылды.

Осынау игі істің «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен жүзеге асырылған жатқаны белгілі. Бұған дейін философия, әлеуметтану, дінтану, лингвистика, мәдениеттану, дүние жүзі тарихы, т.б. бағыттарда әлемдік білімнің жауһарлары қазақ тіліне аударылып, елуге жуық басылымдар еліміздің жоғары оқу орындарына жол тартқан-ды.

Бұл жолғы аударманың да отандық білім кеңістігі үшін пайдасы қомақты деп бағалайты сала мамандары. Джули Ривкин және Майкл Райан авторы болып табылатын «Әдебиет теориясы» әлемдік әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыптарын қозғайды. Орыс формализмі, жаһандану, таным, эмоция, эволюция, әдебиет сыны мен теориясын кеңінен ғалымдар жан-жақты талдаған. Әдебиеттанудың өзекті мәселелерін қозғаған мұндай оқулық отандық әдебиет және лингвистика, оларға іргелес мамандықтарға қажет білімнің қайнар көзі ретінде танылып отыр, дейді жұмыс тобына қатысқан ғалымдар.

Басылымдарды әзірлеуді редакциялық алқа жұмысымен «Әдебиет теориясына кіріспе» және төрт томдық «Әдебиет теориясының антологиясы» еңбегінің жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжанов таныстырды. «Әдебиет теориясы шығарманы қалай жазудың құпиясына баулитын теориялық толғамдар емес, оның ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтап, сараптап, қорытынды байламдар жасап отыратын тәжірибелік негіздегі ғылым саласы. Оқулық авторлары да мәселеге осы тұрғыдан келген. Олардың көркем әдебиетке деген көзқарасының өзін біздегі кеңестік кезеңде қалыптасқан ұғымнан елдеқайда кең. Авторлар жиырма жылдан астам колледждерде қазіргі әдебиет теориясынан сабақ бере жүріп, жинақтаған тәжірибелерін қорытып, жетілдіріумен болған. Әрі еңбектің қолданылу өрісінің кеңейтетініне күмен

келтірмеген авторлар осыншама тынғылықты ізденістері мен жинақталған материалдар негізінде жалпы көлемі бес кітаптан тұратын оқулықтар кешенін даярлады. Бұл жинақ отандық әдеби орта үшін үлкен олжа болды», – дей келе сөз кезегін «Әдебиет теориясы» антологиясы бірінші томының ғылыми редакторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақоваға ұсынды. «Жинақ әдебиеттегі орыс формализмі, структурализм, феноменология, постструктурализм, психоанализ ұғымдары, посттаршыл және трансұлттық таным туралы түсінік береді» деп атап өткен ғалым жаңа ғылыми ұғымдар мен терминдер туралы өкі белісті. Ғалым «Әдебиет теориясының» топтамасы қазақ оқырмандарына әлемдік әдебиет теориясының жаңа зерттеу бағыттарын ұсынатындығын, отандық әдебиет саласында қалыптасқан кейбір түсініктерді бұзып, мүлде жаңа тұрғыдан таныстыратындығын атап өтті.

Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Жанат Әскербекқызы жұмыс барысында бұл еңбектердегі терең мазмұнға өрілген философиялық тәмілдерді алдағы уақытта отандық ғылыммен ұштастыра отырып, сараптап, өкі елеген өткізу арқылы көптеген еңбектер жазуға болатындығын әрі жас ұрпақтар үшін мұндай оқулықтардың таптырмайтын құрал екендігін атап өтті. Ғалым антологияның екінші томындағы өзі ерекше назар аударған тақырыптарға, әлемдік философиялардың маңызды тұжырым-талдауларына тоқталды. Әрі әлемдік ғалымдардың тұжырымдары бүгінгі әдеби туынды табиғатын тану үшін де, теориялық талдаулар негіздерін қалыптастыру үшін де қажетті дүниеелер екендігін атап өтті.

Шараның модераторы Кенжехан Матыжанов осы еңбектердің аудармашысы, жауапты редакторы, ғылыми редакторы сияқты міндеттерді қатар атқара отырып, жинақтардың шығуына үлкен еңбек сіңірген филология



ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріпке сөз кезегін ұсынды. Амантай Шәріп басылымның ерекшелігі – бірнеше ғылымның бір жинаққа топтастырыла берілуінде деп атап өтті. Онда гуманитарлық ілім мен жаратылыстану ғылымдарының түйісуі көптеген әлемдік танымдары ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Жаңашылдығы көп жинақта 75 автордың еңбегі топтастырылған. Әр автордың, ғалымның өз бағыты бар. Мұндай күрделі әрі терең мазмұнға өрілген еңбекті бірден аудару сала мүмкін емес. Басылымда орыс тілінде де толық қабылданған нұсқасы жок жаңа ұғымдар бар. Соған қарамастан әлем әдебиеті теориясын қазакшалау жұмыстарын жалғастыра бермекпіз деген ғалым әдебиет теориясы заман ағымына сай жаңаланып отыруы керек, деп атап өтті.

Әдебиет теориясы жинақтары 2019-2020 жаңа оқу жылына дейін он мың данамен еліміздегі оқулықтар астам жоғары оқу орнына таратылатын болады. Ал осы оқулықтар негізінде дайындалған онлайн курстар «Қазақстанның ашық университеті» платформасына жүктеліп, еркін қолданысқа енгізілуде.

«Egemen Qazaqstan»

БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІНДЕ (ТАКСИДЕН БАСҚА) ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖОЛ ЖҮРУІ ТУРАЛЫ

Жезқазған қаласының әкімдігі 2019 жылғы 7 маусым № 19/02

Жезқазған қалалық мәслихаты 2019 жылғы 11 маусым № 36/319

Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 21 маусымда нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5394 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Жеңілдік құқығын растайтын құжаты болған кезінде, қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) төңіз жол жүру келесі санаттағы Жезқазған қаласының азаматтары үшін белгіленсін:
 - 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және мәртебесі 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 6, 8 баптарымен белгіленген соларға теңестірілген адамдарға;
 - 2) бірінші және екінші санаттағы мүгедектерге;

САЛТАНАТ

2013 жылы Президент Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметші күні биыл Жезқазған қаласында жоғары деңгейде аталып өтті. Білік пен бұқараның арасындағы алтын көпірге айналған мемлекеттік қызметшілерге қойылатын бірінші талап қарапайымдылық болған соң, олар бүгінге дейін өз кәсіби мерекелерін шағын ортада, әкімдіктің отырыс залында атап өтуді құп көретін. Төл мереке биыл еліміздің мемлекеттік қызмет туралы заңының қабылданғанына 20 жыл толуымен тұспа-тұс келгендіктен «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында салтанатты жиын ұйымдастырылып, еселеі еңбек дәріптелді.

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сәнім білдіру болып табылады. Қаламыздың жайы, бүкіл елдің дамуы Сіздердің жұмыстың сапасына, оны жасауға деген ынталарыңызға тікелей байланысты. Халықтың сәнімін ақтаудан асқан қиындық жоқ, – деп өз құттықтауымен шараны ашқан қала басшысы Қайрат Бегімов әріптестеріне жауапкершілігі мол істе толайым табыс тіледі. Әрі ел Президентінің сәнімінді өкілі саналатын мемлекеттік қызметшілерді өз ісіне адал болуға үндеді.

Сондай-ақ, зор жауапкершілікті арқалай жүріп, өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз орындайтын, кәсіби біліктілігі жоғары мемлекеттік қызметшілерді марапаттады. Алғаш болып марапат төрінен табылған қалалық ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Жанар Жетпісбай, Талап селосы әкімі аппаратының бас маманы Әлібек Майгелдинов пен қала әкімі аппаратының терроризмге қарсы комиссия жөніндегі бас инспекторы Зауре Нәдірбекова Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатын иеленді. Еңбегімен еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген Сайлауқұл Аманжоловаға, Бибігүл Әмірзақоваға, Гүлмира Әубөкріноваға, Гүлшат Амангелдинаға, Индира Әлібековаға, Эльмира Жолдаяқоваға, Айгүл

Қошмағанбетоваға. Жезқазған қаласының Құрмет грамотасы табысталса, Ольга Мокеева мен Гүлнәр Қылышпаева Жезқазған аумақтық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасының иегері атанды.

Салтанатты жиында саналы ғұмырын мемлекеттік қызмет саласына арнаған еңбек ардагері Анастасия Иваненко сөз алып, елге қызмет ету жолында жауапкершілік пен ұқыптылықтың аса маңызды екенін тілге тиек етіп, елімізде барлық салада жастардың өркендеуіне мол мүмкіндіктер жасалғанын жеткізді.

Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония өңшілері Зауре Еділбаева мен Айзада Әбдіхалықованың, Ардақ Мұқышев пен Асхат Сағындықовтың орындауындағы патриоттық өндермен өрленіп, «Шалқыма» шығармашылық академиясы оқушыларының тартуымен түрленген кездесуде полиция қатарын толықтырған жастардың ант қабылдау рәсімімен жалғасты. Мемлекеттік қызмет саласына енді ғана аяқ басқан сегіз жастың атынан Жезқазған полиция басқармасының лейтенанты Бекзат Шертай өз өмірін еліміздің тыныштығы мен тұрғындардың қауіпсіздігі жолында адал қызмет етуге ант етті.

Диана ОРАЗАЛИНА

САЛА ҮЗДІКТЕРІ

кәсіби мерекеді марапатталды



28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ТЕЛЕАРНАНЫҢ АЛПЫСЫНШЫ АСУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте.)



Әуесқой студиядан қалалық телеарна болды, одан кейін телевидение және радио хабарлары жөніндегі облыстық комитетке, кейін облыстық компанияға айналды. Бүгінде Жезқазған-Ұлытау аймағына ақпарат тарататын «Дидар» телеарнасы ретінде белгілі. Өзінің 60 жылдық тарихында теледидарды Керімбай Көпбаев, Зиновий Шкундин, Рақымбай Жұматаев, Сәбит Байдалин, Валентина Черныцына сияқты талантты да кәсіби адамдар басқарды. Кейінгі 20 жылдан бері ұжымға белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Базарбай Әлеуханұлы ойдағыдай басшылық жасап келеді. «Дидар» арнасы жедел ақпарат тарата отырып, көрерменнің көңілінен шығарлық тартымды бағдарламаларымен танымал болған. Телеарна «Евразия диалогы платформасы» халықаралық ұйымының құрамына енесе, 2013 жылы «Қазақстан көшбасшысы» белгісімен марапатталды. Ұлттық бизнес-рейтингілері халықаралық одағы тағайындайтын «Сала көшбасшысы-2013» сертификатына ие болды. Кейінгі жылдарда телеарна қазіргі заманға сай жабдықтармен жаңартылып, хабар тарату аумағы кеңейе түсті. Жеке арна ретінде өз хабар таратқышына қол

жеткізгені де – айтарлықтай жетістіктің бірі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы қаулысымен «Дидар» телеарнасы еліміздің алғашқы 5 қаласы қатарында ID пакетінің желісі бойынша цифрлы ауқымда да хабар таратуға көшті. Қазір қажетінген адам ID пакеті арқылы еліміздің басқа қалаларында отырып-ақ «Дидар» хабарын тамашалай алады.

Телеарна журналистері мен мамандары облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, шығармашылық ізденістерімен көріне білуде. Мәселен, Светлана Оңғарбаева 2012 жылы «Нұр Сұңқар» республикалық бәйгесінің жүлдегері болса, Гүлшат Әшірбекова 2010 жылы «Шаңырақ» конкурсында бірінші орынға ие болды. Сондай-ақ, «Қазақстандық құтқарушы туралы үздік хабар» облыстық байқауында бірінші орыннан көрініп, жеңімпаз атанды. Осы телеарна мектебінде тәжірибе жинап, шыңдалған көптеген мамандар бүгінде республикалық және облыстық телеарналарда жемісті еңбек етуде. Жезқазған-Ұлытау аймағына хабар таратуды қамтитын «Дидар» телеарнасы Сәтбаев, Қарағанды қалалары мен Жаңаарқа ауданының да елеулі жаңалықтарын бұқараға жедел жеткізіп отырады. Күнделікті жаңалықтармен қатар, Рухани жаңғыру, тәрбие



мен білім, атамекен төңірегіндегі «Ұлы Дала рухы», жастарға арналған «Тастүлек», салауатты өмір салтын насихаттайтын «Рауан», ұлттық мұра мен көне жәдігерлердің сырына бойлатын «Алтын сандық», өмірі өнегеге толы жандар туралы «Тағлым», өнер адамдарын насихаттайтын «Жезкиік», сондай-ақ «Жұмадағы жүздесу», «Елдің адамы» хабарлары арнаның бағытын айқындайтын дүниелер десе болады.

«Дидарға» өңір тұрғындары айтарлықтай бауыр басқан. Одан жағымды жаңалық күтумен қатар қаламызда орын алған кезеңсіздіктер мен оқиықтарды басшылар назарына жеткізіп, көмек сурауды да дестүрге айналдырған. Телеарнаның дәнекер болуымен көптеген кемшіліктер жедел жолға қойылып, көрермендер оған ризашылығын білдірде. Алпысының асуына шыққан «Дидар» ұжымының алдағы көз тіккен межесі де жоғары Халық ықыласына бөленген жергілікті арнамыздың хабарлары қызықты, ғұмыры ұзақ болсын дейміз.

Амандық РАХУЛЫ

ГАЗЕТ – САЛМАҚТЫ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Екінші газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі, жұрттың білімді, жігерлі, көргені көп кәсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жол сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші газет – халыққа білім таратушы... Төртінші газет – халықтың дауышы...» – деп айқындап берген қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың осы сөзі бүгінде өз өзектілігін жоймады. Ғаламтор кеністігі кеңіп, ақпарат алмасудың жылдамдығы артқанын езіңде ойлы оқырманға айтарсыз бар салмақты басылымдар ұлт рухының ұраншысы, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаушы қалпынан таймақ емес. Сондықтан газет-журналдардың өміршеңдігіне күмән келтіріп, оларды интернет желісі ақпарат айдынынан ығыстыра алады деген пікірмен келісу мүмкін емес. Газеттің қазақ даласында халықпен бірге жасап келе жатқанына екі ғасырға жуық уақыт өтіпті. Посткеңестік дәуірде ақпарат таратуда радио мен телевизия пайдаланған тұста да дәл қазіргідей газеттің болашағы жоққа шығарылған еді. Алайда, газет өйлі «өмір сүріп» келеді. Осы ретте егілігі нәміс ойшылы А.Шопенгауэрдің «Газет – тарихтың секундтық стрелкасы» деген сөзі ойға оралады. Шынында да, мерзімді басылымдардың қай заманда болмасын ұлт тарихын жазуда алар орны ерек.

Бүгінде Жезқазған қаласының бір өзіңде оқырманының сәнімінді сәрігіне айналған бес бірдей басылым бар. Олар: әр апта сайын оқырманына асыға жететін қоғамдық-саяси өмірдің тыныс-тірілігін бағамдап, білік пен халық ортасындағы алтын көпірге айналған «Сарыарқа», «Мысты өңір» мен «Жезқазғанский вестник», «Подробиности» газеттері, сондай-ақ тарихи-танымдық және көркем-әдеби «Ұлытау және Ұлт» журналы.

Бытлар ғана отызыншы кәлемің қарсы алған «Мысты өңір» газеті алғашқы кездері «За медь» газетінің қазақша қосымшасы ретінде шықты.

Сол жылдары редактор ретінде оның басы-қасында жүрген Төкен Әлжантегі аударма жасап жүрді. Уақыт өте келе аударма материалдармен қатар газет бетінде таза қазақ мұддеге сай мақалалар бой көрсетіп, оқырмандарын қызықтыра түсті. Сөйтіп, күн өткен сайын газетте ұлттық таным, ұлттық көзқарас қалыптасты. Тарихи тақырыптардың да аясы кеңейді. Осылайша бүгінгі «Мысты өңірдің» негізі біртіндеп қаланды. Арда он жыл өткенде газет көп тиражды ұнпарақтан көпшілік іздеп жүріп оқытын үлкен газетке айналды. 1999 жылы «Мысты өңір» Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. Бұл – оның осы ширек ғасырлық тарихындағы үлкен жетістіктерінің бірі. Екінші бір жетістігі – оның ақпарат айдынынан ойып тұрып орын алуы, өзіндік оқырмандарын қалыптастыруы. Нарықтың сан құбылып келетін қыспақтарына қарамастан осы жылдар ішінде оның таралымы 13 мыңға дейін жеткен кездері болды. Аға толқынының еңбегі арқасында көп жеткізілген осы жетістіктерді өсеулі түсуде қазір жас та болса, бас бола білген Бағдат Қазанов алдына жан салмауда.

1997 жылдың қазан айында жарыққа шыққан «Подробиности» газетінің тізінін ұстаған бас редактор Нина Барбутоқы оқырман жүрегіне жол табу үшін барын салды. Тынымсыз ізденіп, талмай еңбек еткен ол кәсіби журналист ретінде де қоғамның көкейжесті тақырыптарын өткір әлеуметтік мәселелерін жиі көтеру арқылы оқырмандары санын арттырды. Қаламыздың «Қазаққас» корпорациясы» өндірісінің тынысын жүйелі жазатын басылым Жезқазған өңірімен қатар Қарағанды-Балқаш



және Шығыс Қазақстан аймақтарына таралатын жеке газеттер шығаруды да тұрақты жолға қойды. Бүгінде экономикалық дағдарыс өсеріне байланысты таралым көлемі бұрынғыдан кемі түскенімен кәсіпкерлер мен бизнес өкілдері жалпы жұртшылық оқытын «Подробиности» газетіне жарнама беруден тартына қойған жоқ. Қазіргі заманның жаңа технологиясын енгізуде де редакцияның оң жетістіктері бар. Соның нәтижесінде «Сорос Қазақстанның» 1 млн теңгелік грантын жеңіп алып, басылымның электрондық сайты ғаламтор желісі пайдаланушылардың пікір алаңына айналып үлгерді.

Жезқазғандық басылымдардың ішіндегі ең «көкжесі» – «Жезқазғанский вестник». «Жез Медиа Пресс» ЖШС-ға тиесілі орыс тілді газеттің негізін білікті журналист Эльвира Алпанбаева қалады. Жарыққа шыққанына небәрі бес жыл болғанына қарамастан ауызбіршілігі жа-

расқан ұжым оқырман көңілінен шыға білді. «Біз үшін одан асқан бақыт жоқ» дейтін редакция ұжымы қаланың түйткілді мәселелерін шешуге атсалысуды өздерінің басты міндеті санайды. Негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің саясатын насихаттаумен қатар, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Бизнесің жол картасы-2020», «Аймақтарды дамыту» сынды мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарын түсіндіріп, насихаттайды. Сонымен қатар, Жезқазған-Ұлытау аймағының барлық бірлестігі бүгінде сүрінгенге сүйеу, құлағанға демеу болып жүр. «Қайғыны бөлгісең азаяды» деген қағиданы ұран еткен ұжым көп балалы аналар мен жалғызбалалы қарияларға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қарайласып, көптің алғысын арқалауда. Сондай-ақ, бар білгенін жастарға үйретуде талмайтын Эльвира Қадыржанқызының бастамасымен «Масс-медиа» журналистер мектебі өз жұмысын бастады. Жыл сайын журналистердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында республика көлемінде танымал қаламгерді, блогерлер мен телевизия саласы үздіктерінің қатысуымен түрлі семинарлар ұйымдастырылып, қолына қалам ұстаған жастарды журналистиканың қыр-сырына баулитын сабақтар өткізіледі. Міне, бес жылдық тарихында «Жезқазғанский вестник» газетінің

ұжымы қыруар іске араласып, сол үшін бірнеше мәрте қалалық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық дәрежедегі марапаттарға ие болды. Еңбектің бағаланғаны деген осы болар?!

Қазақы тәрбиені жаңғыртып, ұрпақтың танымын көкжиегінен кеңейтуді мақсат еткен «Ұлытау және Ұлт» тарихи-танымдық, көркем-әдеби журналының алғашқы саны ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойына тарту ретінде шықты. Ол – 1998 жылы жарық көрісімен көпшіліктің көзіайымына айналған алайда, нарық қыспағы адымын арыға аштырмай, жұмысын тоқтатау мәжбүр болған «Ұлытау» журналының заңды жалғасы. Журналдың бас үйлестірушісі ҚР Құрметті журналисті Батырбек Мырзабеков болса, бас редактор қызметін аймаққа танымал қаламгер Сара Смағұл атқарады. «Ұлытау және Ұлт» тарихи-танымдық, көркем-әдеби журналының басты ерекшелігі – үш тілділігі. Басылым тоқсансына бір рет, жылына төрт мәрте жарық көреді. Сондай-ақ, оқырманмен арадағы байланысты үзбей мақсаттында және өл өміріндегі айтулы дәлаларға орай арнайы санымыз жарияланып отырады. Сонымен қатар, журнал беттерінде тұрақты «Қазақ мысы – халықтың ырысы», «Алыстағы ағайын», «Өлең-өрім», «Жәдігер» айдарларымен қатар Алаш көсемдерінің өмірі мен шығармашылығы, әлем әдебиеті классиктерінің, сондай-ақ, жергілікті жас ақын жазушылардың да туындылары табуға болады. Ел бірлігін ұлт тұтастығын нығайта отырып, мемлекеттік идеологияны жүзеге асыруға өзіндік үлес қосып отырған журнал оқырманға рухани азық бола білді.

Газет тек күнделікті ақпаратты ғана таратушы емес, оның тәрбиелік-танымдық қызметі де зор болуы керек. Бұл тұрғыда да жезқазғандық басылымдар аз қызмет жасап жатқан жоқ. Нақты фактілер келтіріліп, тарих қойнауындағы шежірелерге саяхат жасатып, өткенді бағалап, бүгінгі саралап, болашақты бағамдауға ерекше еңбек етіп жүрген жергілікті басылым ұжымдарына шалқар шабыт пен толайым табыс тілейміз.

Өз тіліміз

ҚАЛАМ ИЕЛЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

«Арқалағаны – алтын, жегені – жаңтақ» журналистер қауымы өз төл мерекесін биыл сүйінші хабармен қарсы алды. Ел Президенті Қасым-Жомаарт Тоқаевтың бастамасымен ҚР Үкіметінің Қаулысымен 28 маусым Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні болып бекітілді. Осылайша, халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынаң руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелерінің қуанышы еселене түсті. Жылдағы дәстүрден ажырамаған Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімі «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігімен бірлесі отырып БАҚ қызметкерлеріне ерекше есере бөлеп, сый-құрмет көрсетті.

«Туран» мейрамханасының төрінде өткен салтанатты шара қала басшысының ыстық ықыласын жеткізген орынбасары Зина Ақылбекованың құттықтауымен ашылды. Ол өз сөзінде ел дамуы мен Тәуелсіздігін нығайту жолында БАҚ өкілдерінің алар орнын айшықтап, жиналғандарға ақ тілегін ақтарды. Сондай-ақ, ел игілігі жолында еңбегімен ерекшеленген бір топ қаламгерлерді марапаттады. Алғаш болып баспасөз саласының ардагері Амандық Рахұлының есімі аталды. Амандық ағаға ҚР журналистикасының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Журналистер одағының шешімімен берілген «Қазақстанның Құрметті журналисі» белгісі жарасып-ақ кетті. Саналы ғұмырын журналистикаға арнаған Сәуле Әбдурахитқызына тағылған «ҚР ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі жарқырай түсті. Мысты өлкенің ғана емес, сонымен қатар облыстың дамуында қолтаңбасы бар Виктор Шавнев пен Гүлшат Әшірбекова Қарағанды облысының өкімі Е.Қожановтың Алғыс хатымен еленді. Қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып, жеке еңбегімен дарааланған Светлана Оңғарбаева, Диана Оразалина мен Нурлан Ысмайылов және Әсем Тілеміс Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен

марапатталды. Аймақ жаңалықтарын облыстық және республикалық басылым мен телевидениеде сүйіншілететін Әлібек Әбдіраш, Юлия Пулина, Ардақ Қабыханов пен Руслан Тұрсынғалиев қала өкімінің Алғыс хатын иеленді. Олардың қатарын Гүлден Жәнділдинов пен Фальшан Нұрпейісов толықтырды.

Марапаттау сәтінің келесі кезеңінде Зина Жұманазарқызы Жезқазған қаласы әкімінің арнайы сыйлығын тапсырды. Биыл қаланың барлық бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдары, атап айтқанда «Saryarqa», «Мысты өңір», «Жезқазғанский вестник» пен «Подробиности» газеттері мен «Ұлытау және Ұлт» журналы, сондай-ақ «Дидар» мен «Жезқазған TV» телеарналары 115 мың теңге көлеміндегі сыйлықтың иегері атанды.

Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония өңшілері мен «Алғабас» театры сәнін көлтірген мерекелік шарада «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова бастаған қалалық сот, Жезқазған қаласының полиция басқармасы, Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұжымы, медиаақпараттың орталығы мен іскер әйелдер қауымдастығының өкілдері ынтымақтастықта жұмыс атқарған ұжымдар мен жекеley журналистердің еңбегін ескеріп, сый-таралығын ұсынды.

Кеш төрінде табылған сала ардагерлері де ескерусіз қалмады. Ізін жалғасқан жас журналистерге бағыт-бағдар сілтеп, кәсіби мерекемен құттықтаған олар ұйымдастырушылар тарапынан естелік сыйлықтарға ие болды.

Бота ШАЛҚАР Суреттерді түсірген Фалия ӘБДИПАПАРОВА



ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЕКІ ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ, БЕС ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ Өңірлік қасиетті жерлер тізімі жасалды

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеу туралы тапсырмасына орай «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, қызу жұмысы кірісіп кеткен еді. Назарларыңызға сол орталықтың жетекшісі, тарихисы Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫНЫҢ сұхбатын ұсынамыз.



— Берік аға, «Сакралды Қазақстан» ба, «Киелі Қазақстан» ба? Әр жерде әртүрлі аталып жүрмеген сияқты.

— Ресми түрде «Қасиетті Қазақстан» деп аталады. Бастапқы кезде ауызекі тілде сакралды делініп, аралас айтылып кеткен ғой. Негізгі қасиетті, яғни, «Қасиетті Қазақстан» деген дұрыс.

Жалпы сакралды деген сөз әулиелі, киелі деген ұғымды білдіреді ғой. Бір кездері діни сөздерге қатысты айтылған дәлірек айтқанда, құдайға байланысты қолданылып болған. Кейін ол ғылыми термин болып қалыптасты.

Сакралды (ағылшынша sacred және латынша sacrum — қасиетті, құдайға қаратылып айтылады) сөзі — кең мағынада — құдайға, дінге, көкке, тылсым дүниеге, мистикаға, әдеттегі заттардан ерекшеленетін заттарға, кейбір ұғымдарға, құбылыстарға қатысы бар.

Қазақша киелі, қасиетті, қастерлі, әулиелі, әруақты деп тізбектеліп кетеді. Қазақ елінің киелі жерлеріне тоқталған соң, оның үстіне қазақ киелі деген сөзді әр нәрсеге қолдана бермейтін халықтың ғой, қасиетті дұрыс болады деген тұқтамға келдік.

Жобаның арқасында халық Қазақстандағы қасиетті жерлерді толық білетін болады. Оның тарихымен танысады. Барып көруге деген қызығушылығы туындайды. Әркім туған жердің тарихына, белгілі бір нысанға байланысты мәліметтермен қамтылады.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы 2017 жылы басталған уақыттағы әулиелі, қастерлі, әулиелі, әруақты деп тізбектеліп кетеді. Қазақ елінің киелі жерлеріне тоқталған соң, оның үстіне қазақ киелі деген сөзді әр нәрсеге қолдана бермейтін халықтың ғой, қасиетті дұрыс болады деген тұқтамға келдік.

Елбасының бастамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан ұлттық музейінде «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды және аталған жылы 15 мамырдан жұмысын бастады. Мақсаты — Қазақстандағы қасиетті тарихи жерлерді, нысандарды, орындарды анықтап, оларды ұлттық-идеологиялық деңгейге көтеру, жалпыға насихаттау.

Әл енді айтылған жобаны күтілген деңгейде сапалы атқару үшін орталықта ғылыми-сараптамалық кеңес құрылды. Құрамына жергілікті өлкетанушылар, этнограф ғалымдар, аймақтағы сапалық мекеме қызметкерлері кірді. Әңірлерде де облыстық мәдениет басқармаларының төңірегінде жұмыс топтары құрылды.

Кеңес ең алдымен әдістемелік нұсқау дайындауға кірісті. Ол өңірлердегі жүргізіліп жатқан жұмыстардың жолын айқындау үшін әзірленді. Яғни, әдістемелікте қай жерлерді киелі, қасиетті деп айта аламыз, оны қалай анықтаймыз деген сұрақтарға жауап қарастырылды. Бұл жөнінде өзара пікір алмасып, ақылдастық.

Әдістемелік нұсқау өңірлерге таратылып, құрылған топтар ақпарат жинады. Бұл тұрғыда алдымызда бірнеше жол тұрды. Біздің бірінші кезекте ұстанғанымыз ғылыми жол болған жоқ, өйткені ғылымның түсінігі бөлектеу. Біз халыққа сүйендік — халық бұрыннан киелі деп жүрген жерлерді, күні бүгінге дейін толассыз баратын орындардың оның басына түнеп, ем-шара жасап жүрген жерлерді түгендедік. Оның тарихымен, аңыз-әпсаналарымен, шығу тегімен таныстық. Заман өзгерсе де, мемлекет өзгерсе де, өңірлердегі тарихи орындар өзгермейді қашанда.

Халық өзі әулие деп таныған жерлердің қасиеті неде екеніне ғылым жауап бере алмайды. Мысалы, халықтың өзі күшіне, қасиетіне, әулиелігіне сенетін бір тас, бұлағы болады. Өздері соның басына барып қонады, Алладаң әруақтан тілек тілейді. Әрі сол тілектері қабыл болып жатады. Ол қалай қабыл болып жатқанын біз де, ғылым да түсіндіре алмайды. Мысалға, бір әйел құрсақ көтере алмай, дәрігерлер үмітсіз қалдырған. Ол болса әулиелі жерге түнеп, дұға келтіріп еді, тілегі орындалды. Бір жағынан мистика сияқты. Бірақ қазаққа бұл қалыптасқан дәстүр және ақиқатқа саятын дәстүр.

Ғылымда энергетикалық, яғни, энергетикасы өте жоғары жерлер деген ұғым бар. Оның өзін нақты дәлелмен түсіндіре алмайды, бірақ ондай жерлер бар екенін жоққа шығармайды.

Энергетикалық жерлер — бұл жоғары немесе кейде азғантай маңызды энергетикалық өрістерге ие географиялық аймақтар. Бұндай жерлер бүкіл әлемде бар. Мысалы, бүкіл мұсылман қажылаққа баратын киелі жер — Мекке сондай энергетикасы өте жоғары жерге жатады. Сол сияқты әрбір діннің, қоғамның, ұлттың, әр адамның өзіне тиесілі киелі жерлері болады. Жекелеген адамдар ата-бабасын, тұрған ауылын немесе өзінің балалық шағында өскен қалған жерлерді қасиетті деп қабылдайды. Бұл туралы француз тарихисы, ғалым Пьер Нора өзінің «Места памяти» деген монументалды еңбегінде атап көрсеткен. Ол философия, психология, мәдениеттану аясында пайда болған ұғымдар.

Археологтардың, географтардың, саясаттың, әлеуметтанудың әрқайсысына тән өзіннің ұғымы болады. Тіпті қоғамға ықпал ететін саяси нысан, жерлер бар. Кейде қолдан жасалп алады. Кеңес заманында Ленин жатқан кесенені киелі деп білді. Мәскеуге барғандар кесененің жанынан өтпей кетпейтін. Міне, үкімет пен партия қанша дінді жоққа шығарса да, бәрібір өздеріне сондай сакралды орынды ашып алды.

Қазіргі уақытта біз Астана-Бәйтерек, Қазақ елі монументі, Мәңгілік Ел салтанаты арқасын қасиетті жер деп танып отырмыз. Біз үшін олар құнды. Аталған нысандар ел тәуелсіздігінің нышаны, белгісі. Маңыздылығы — оқиғалық мәнінде.

Қасиетті жерлердің тарихи көнегілігі, ғимараттың архитектурасының керемет болуы, әйтеуір қандай да бір құндылығы бар болғандығы емес, мәндік үлесінде. Мақсатымыздың тағы бір бағыты — имандылықты, адамгершілікті, елге қызмет еткен, елдің бірлігі мен тұтастығы үшін күрескен, тарихимыздағы ұлт мақтаныштарың, күрескерлерімізді насихаттау. Қоғамға, мемлекетімізге елеулі еңбек еткен тұлғалардың жатқан жері, ұлтымызға әсер еткен жерлерді таныту. Тарихи шайқастарды да қосып — Буланты, Аңырақай, Орбулак.

1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің қаһармандарын да сырт қалдырмадық. Алаш арыстарың, батырларымызды барынша қосып шықтық. Бұл алдымен батырлық, ержүрек рухымызды насихаттау үшін маңызды. Ұлгі болсын, жақ ұрпақ білсін, келер ұрпаққа аманат болсын деген ниетпен хан билерімізді бірінші кезекте қарастырдық. Сонымен қатар өте көне заманнан келе жатқан археологиялық ескерткіштер, тасқа салынған суреттер бар тізімде. Ұмытылуға шақ қалған қасиетті нысандар — Берел. Есік қорымы мен Алтын адам бар. Бәрін айтып тауысу мүмкін емес, энциклопедиядан өбден танысуға болады.

— Жоба аясында ұйымдастырылған экспедиция туралы айта отырсаңыз.

— Бірінші экспедиция 2017 жылы өңірлерге шықты. Сапар барысын өңірлік комиссиямен оның ішінде өлкетанушыларға сүйеніп жасадық. Тарихшылар, археологтар, жазушылар ғылыми мәліметтерді, өлкетанушылар халық арасындағы мәліметтерді жинап, сарапалды. Жиналған мәліметтерге сүйене отырып, міндетті түрде ғалымдардың, тарихшылардың, зерттеушілердің еңбектерін қарап шықтық. Бірінші — халық, екінші — ғылым: басты ұстаным. Қасиетті Қазақстан географиясына енетін нысандарды қағаз жүзінде пысықтадық. Барған жерлерімізде қосымша экспедицияларға барып, 2017 жылы алғашқы тізімді мақұлдадық. Сондай-ақ карта жасау жұмысы мен ролик әзірлеу жұмыстары жалғасын тауып жатты.

Жалпы орталықтың міндеті — ғылым-әдістемелік сүйемелдеу. Негізгі жұмыстар өңірлерде жүрді. Әкімшіліктер, кәсіпкерлер атсалысып, абаттандыру жұмысын да ұйымдастырды.

Анықталған тізімдер бойынша ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, жергілікті бұқаралық ақпараттық құралдарда насихатталуда. Туристер де барып жатыр. Министрліктер де өз тарапынан тиісті жұмыстарды іске асырды. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өлкетану» кітаптарын шығарды, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бейнероликтер түсірді. Мақала да жазылып жатыр. Яғни, жобаның бастамасында орталық органдар атқарылатын жұмыстарды қолға алды, әрі қарай өңірлерде жалғасып жатыр.

— Энциклопедияға тоқтала кетсе...

— 2017 жылдан 2021 жылға дейін бес томдық энциклопедия шығаруды жоспарладық. Алфавиттік жүйеде Алматы, Астана қаласы, Алматы, Ақмола облыстарының қасиетті жерлері енгізілген энциклопедия шығарылды. Бұл энциклопедияның форматы бөлек, ол жерде тек тізім ретінде берілмеген. Қасиетті жерлерге қатысты аңыздар, әңгімелер, зерттеулер, жер-су аттары, ескерткіштер бар. Соның бәрі кеңінен тарқатылған.

2018 жылы тағы да тізім бойынша Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары, Маңғыстау қамтылды. Энциклопедия өңірлерге таратылды. Негізінде бұл энциклопедияны жазбаймыз, біз ғылыми жағынан жетекшілік еттік. Оны әр өңірдің өлкетанушылары өздері жазды. Үдерісінде жетекшілік етіп, талқылап, ақыластық шығардық.

Биыл үшінші томы қолға алынды. Оған Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Жамбыл облыстары кіреді. Сөйтіп жыл арттырып, 2021 жылға дейін толық қамтымыз деп жоспарлап отырмыз. Бұнымен жұмыс аяқталмайды. Өңірлерде өздерінің жеке энциклопедиясын шығару көзделген.

Бұл іске шетелдік әріптестеріміз де атсалысып жатыр. Ресей, Қырғыз, Түркияда біздің нысандарды зерттеу жұмыстары қолға алынған. Мысалы, «Әзірет сұлтан» тарихи-мәдени кешенін алып қарасақ, оның архитектурасы бірден көзге түседі. Ал енді оның қасиеттілігі неде деген сұрақты кеңінен ашуымыз керек. Ол бұрыннан келе жатқан бүкіл түркі әлеміне ортақ қасиетті нысан болып табылады.

Жалпы жұртшылық қасиеттілігінің, киелілігінің білетін беймәлім нысандарды насихаттауға көбірек мән беріп жатырмыз.

Өңірлердегі халықтың тағзым ететін зиярат ететін жерлерін баршамыз біліп, ұлттық бірегейлікті асқақтату керек. Сол үшін де әркім өз облысындағы қасиетті жерлерді ғана біліп қана қоймай, басқа облыстарға тиесілі орындарды көргені дұрыс. Оны жоба аясында жұмыстар арқылы білуге болады.

Мысалға, Оралдағы Дәдем ата — Жұмағазы хазірет зираты өте қасиетті жер. Сол сияқты Атырау, Ақтөбе, еліміздің шығыс және солтүстік өңірлерінде қасиетті жерлер бар. Барған кезде халық соны танытындай, білетіндей ортақ қасиетті жерлердің тізімі белгілі болуы керек. Жобаның диттегені сол.

Құндылықтарды насихаттау дегеніміз — қоғамды рухани құндылықты бағалай білуге ояту. Өкінішке орай қазіргі уақытта рухани құндылық екінің кезекте қалып барады, материалдық құндылықты бірінші орынға қоятын қоғам қалыптасты. Көпшілік баоды мақсат етеді. Рухани мүддені жат қылықтар басып кетті. Суицид, педофилия, жат ағымдағы дін деген етек алдып барады. Бұл — рухани жұтандығамыз.



— Қасиетті жерге жүз нысан кірген екен...

— Бастапқыда шартты түрде жүз нысан тізімі жасалды. Бірақ оның ішіне бірнеше нысан кіреді. Мысалы, Маңғыстау жерасты мөштітері дейміз де, соның қасына қанша жер бар болса, соны тізіп шығамыз. Бүгінгі күнге жалпыұлттық екі жүзге жуық, өңірлік бес жүзге жуық қасиетті жерлер тізімін жасадық.

Тізім мақұлданды, енді бекіту үшін Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Парламенті Мәжілісіне ұсынды. Тізім бекітілген соң сондағы нысандар ресми түрде мемлекеттің қамқорлығына алынады. Төлқұжаты жасалады.

Қасиетті нысандар бес топқа бөлінді: бірінші, ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар. Екінші, археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалыңдық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, кәбіістер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді. Үшінші, дин және ғұрыптық орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды. Төртінші, тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер. Бесінші, саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар.

Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасиетті орындар. Қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нысандары.

Кейбірінші әулие бұлақ, әулие тал, әулие үңгір десе, оны мәдени ескерткіштерге жатады деп ұғынамыз. Олар табиғиға жатады.

— Биылғы жылы экспедицияға шиктіңіздер ма?

— Биылғы өлі шыққан жоқпыз, бірақ өңірлер бойынша ұйымдастырылып жатыр. Бізде жоспарланған түр. Білім және ғылым министрлігіндегі арнайы ғылыми кеңестен грантты ұтып, келесі жылы жүзеге асырамыз.

Бұл экспедицияға ел аузындағы әңгімелердің негізінде халық киелі жерлерді қалай қабылдайтынын, неге оны қасиетті деп атайтынын зерттесек деп отырмыз. Жалпы қоғамда киелі жерлер туралы ойын анықтаймыз. Өйткені қасиетті жерлер жұртшылыққа ықпал етеді. Адам баласы оңдай жерлерге үміттеніп барады.

Өкінішке орай бізде қазір қолдан жасалған жерлер де бар. Бірденің ойлап тауып, оны киелі етіп қояды. Ырымшыл халықты алдап, ақша жасайды. Бұндай жайт Жамбыл облысында, оңтүстік өңірінде кездесіті. Көп болып сондайдың алдын алып, болдырмау керек. Шын мәнінде тарихи бар, маңызды бар қасиетті жерлерді халыққа жеткізіп, қолдан жасалғанды шектеу қоямыз.

— Берік аға, сізбен бүгін кездесіп, осы тақырыпта әңгіме өрбітіп отырғанымыз ризамыз. Жұрт қызықты тақырып, аталымын жоба таптырмайтын, құнды есептеміз. Жастарға қызықты екеніне сенімді мол. Білікті мамандар осы жобаны бір жүйеге келтірсеніздер, келер ұрпаққа үлкен танымдық дүние болып қалары сөзсіз.

— Ал енді бір сөзіңізде роликтер шығарып жатырсыздар ма?

— Бізде қазір әулие бұлақ, әулие тал, әулие үңгір десе, оны мәдени ескерткіштерге жатады деп ұғынамыз. Олар табиғиға жатады.

— Берік аға, сізбен бүгін кездесіп, осы тақырыпта әңгіме өрбітіп отырғанымыз ризамыз. Жұрт қызықты тақырып, аталымын жоба таптырмайтын, құнды есептеміз. Жастарға қызықты екеніне сенімді мол. Білікті мамандар осы жобаны бір жүйеге келтірсеніздер, келер ұрпаққа үлкен танымдық дүние болып қалары сөзсіз.

— Ал енді бір сөзіңізде роликтер шығарып жатырсыздар ма?

— Бізде қазір әулие бұлақ, әулие тал, әулие үңгір десе, оны мәдени ескерткіштерге жатады деп ұғынамыз. Олар табиғиға жатады.

— Берік аға, сізбен бүгін кездесіп, осы тақырыпта әңгіме өрбітіп отырғанымыз ризамыз. Жұрт қызықты тақырып, аталымын жоба таптырмайтын, құнды есептеміз. Жастарға қызықты екеніне сенімді мол. Білікті мамандар осы жобаны бір жүйеге келтірсеніздер, келер ұрпаққа үлкен танымдық дүние болып қалары сөзсіз.

— Ал енді бір сөзіңізде роликтер шығарып жатырсыздар ма?

— Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен қырық шақты роликтер түсірілді. Әлеуметтік желілерде тарату үшін және көру үшін оңтайлы. Биыл да қолға алмақпыз. Одан бөлек телеарналарда бағдарламалар да шығып жатыр.

Біз көбірек әлеуметтік желілерге мән беремізші. Бір минуттық роликте мазмұнды ақпарат орын алады. Әрі сол арқылы адамдардың қызығушылығын оятуды мақсат етеміз. Насихаттаудың басқа да формаларын іздеп, қарастырып жатырмыз. Бұған дейін түсірілген роликтерді әлеуметтік парақшалардан көруге болады.

— Еліміздің киелі жерлерінің арқасында туризмді дамытудың әлеуеті қандай?

— Әлем бойынша тауап етуге, қажылыққа бару туризмді дамыған. Бізде халық Түркістанға көп барады. Ол да өз алдына кішігірім қажылық. Маңғыстауға, Бекет атаға, Павлодардағы Мөшһүр-Жүсіпке, Қоңыр әулие өңіріне де көптеп барып жатады. Алматы, Шығыс Қазақстан аймағында адам баратын жерлері жетерлік. Бұрыннан халық баратын жерлерді жергілікті әкімшілік қамқорлығына алған.

Кәсіпкерлер де сауап үшін қолдан келген көмектерін жасап жатыр. Ақырындап туризмнің дамуына үлесі қосылып келеді. Жалпы аяқ алысымыз қарқынды.

— Аталымын жоба бес жыл мерзімге арнаған өзі. Күтілетін нәтижесі қандай?

— Басты мақсатымыз қоғамға жеткізу, насихаттау болса, нәтижесінде білікті мамандардың көмегімен халық шынайы ақпаратпен қамтылады. Рухани құндылықтың өзектілігін ұғынады. Қасиетті деп танылған жерлерге бару жиілейді. Осыдан туған жерге деген сүйіспеншілік артып, патриотизм дамиды.

Еліміз білетіндей, «Туған жер» бағдарламасы бар. Оның аясында қасиетті жерлер жобасы ауылға жасалған көмек болады. Қазір қала мен ауылдың арасы алшақтап кеткен сияқты. Әрбірінші ауылға мүмкіндігінше, қолымыздан келгенше көмектесуіміз керек. Материалдық көмек болмаса да, мектепке барып лекция оқып, ауылдастарға ас беріп, тіпті ауызашар ұйымдастырса да, қандай тамаша болар еді! Сондай-ақ балаларды ауылға жірек апарып, қасиетті, киелі жерлерді көрсету керек. Қысқасы, ауылмен рухани байланыс, ұрпақ сабақтастығы үзілмей керек.

— Қазақстан халқы Ассамблеясының бірінші жылы «Қазақтану» жобасын бастаған болатын. Оның басы-қасында өзің де жүрдіңіз. Осы жоба аясында әңгіме өрбітсек.

— Иә, дұрыс айтасыз, өзім қатысқанмын. «Қазақтану» өте тамаша жоба! Оның мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында барша қазақстандықтардың ортақ мәдени кодынның, біртұтас құндылықтарының және жалпыұлттық тарихи санасының негізінде халықтың бірлігін нығайтып, Қазақстан этностарының арасында қазақ халқының тарихын дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік ұстанымдарын дәріптеуге бағытталған.

Бұл жобаның негізгі идеялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарих саласы бойынша жазылған еңбектеріне негізделген.

Менің ойымша, қазақтану дегенде, қазақ ұлты бұл жобаны бірінші кезекте өзі білуге керек, өйткені жандандыру заманында қазақтардың өзі ежелден келе жатқан дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұмытып бара жатқандай. Қазақстанда тұратын басқа ұлттарға жеткізу керек. Әрине бәрін бірден болта қоймайды. Бірақ ұлттар қазақ тілін жетік меңгеріп кетпесе де, қазақты таныуы керек. Қазақтың тарихын, тағдырын дінің, ділін білуге керек. Қазақты таныған сайын халқымыз бір-біріне жақындаса береді. Ұлттың болмысын таниды. Осының арқасында ынтымақ нығая түседі. Жалпы елдің тұрақтылығы мемлекеттің негізі ұлтына байланысты.

Бұл жобаны халық арасында кеңінен насихаттау қажет. Болмысымызды мәдениетімізбен сапалы дәстүрімізбен танытымыз керек. Әсіресе ескелен ұрпаққа жеткізу үшін мектепте белсенді насихаттау керек. Бұл жобаны өз тарапымынан қолдаймын.

— Қазақстан көпұлтты мемлекет деңгейінде өзі. Этностарға арнаған «Қасиетті жерлер» тізіміне өзген жерлер бар ма?

— Бұл жалпы жоба болғандықтан барлық ескерткіштер ескерілді. Мысалға айтар болсам, Алматыда Вознесенск кафедралы шіркеуі, Солтүстік Қазақстандағы XIX ғасырдан бергі және Қызылордадағы шіркеулер енгізілді. Өңірлік тізімде де қасиетті жерлер бар. Жаркенттегі ұйғырлардың мешіті бар. Белгілі бір ұлт «мынау біз үшін қасиетті» десе, оған шектеу жасаған жоқпыз. Бірақ ондай жерлер көп емес.

Вознесенск кафедралы шіркеуі «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізімінен табылғанына Алматыдағы діни қызметкерлер өздері танданып, разы болып жүр дейді.

— Берік аға, әңгімеңізге рақмет, жобаның сәтті аяқталуына тілектесіп!

Нұрғұл ШАТЕКОВА assembly.kz

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ» БАЙҚАУЫ өз жеңімпаздарын анықтады

Қаламыздың 65 жылдық мерейтойы қарсаңында Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы мен «Сопрану Ог» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырумен «Туған жерге тағзым» атты эссе жазудан байқау өтті.

14 пен 29 жас аралығындағы жастар қатысқан байқау қала мектептерінің оқушылары мен орта және жоғары оқу орындарының студенттерін жинады. Өзіндік ойлауға бейім, әдебиетке жақын жастардың басын қосқан байқаудың негізгі мақсаты — Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын негізге ала отырып, еліміздің сакралды мекендерін кеңінен насихаттау, тарихи құндылықтарымызды қадірлей білуге, туған жерге, туған елге деген сүйіспеншілікті арттырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Жырмаға жуық үміткер қатысқан эссе байқауы нәтижесінде алты номинация бойынша жеңімпаз анықталды. Олар: Мұқсан Бақытжан, Баянсулу Түсіпбекова, Рымжан Қуаныш, Лаура Сатыбалды, Аружан Төлеубек және Арман Асет. Олар арнайы тағайындалған қаржылай сыйлықпен марапатталды. Байқауға қатысушы барлық үміткерлер арнайы Алғыс хаттарға ие болды. Алдағы уақытта жеңімпаздарға Теректі әулиенің басына саяхат ұйымдастырылатын болады.

Байқауға қатысушы жастарға сәттілік тілеп, алғысын білдірген Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін атқарушы Ізтөлеу Түсіп, алдағы уақытта қаламыздың 65 жылдық тойына арналған тағы да эссе байқауының ұйымдастырылатынын хабардар етіп, қаламды серік етіп, сөз қадірін түсінер барлық жастарды шет қалмауға шақырды.

МЕРЕЙТОЙ КӨРКІ – МАЗМҰНДЫ ШАРАЛАР



Елбасының Жарлығымен Жастар жылы деп айқындалған 2019 жыл Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Иә, қарт Ұлытаудың бауырында, сиқырлы сары даланың төсінде, киелі Кеңгірдің жағасында қоныс тепкен қойнауы мысты өлке Жезқазған – 65 жыл.

Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған іс-шаралар легі ХХІХ «Ұлытау үні» аймақтық фестивалін өткізуден бастау алды. Мәдениет және өнер саласы мекемелері мен кәсіпорындарында өткен мәдени-сауық бағдарламалары, кештер, көзделулер, фестиваль мен конкурстар, деңгелек үстелдер, көрмелер, түрлі іс-шаралар қатары осы айтулы мерекеге арналып өткізіліп, достық, бірлік, қазақстандық патриотизм мен мемлекеттілікті нығайтуға бағытталды.

Мамыр айында «Ардагерлер ән салады» ХХІХ облыстық ардагерлер хоры фестивалінің жалауы Жезқазған қаласында көтерілді. Оған облыстың қала аудандарынан 600-ге тарта қатысушы қатысты.

Жезқазған туралы энциклопедия шығару қолға алынды. Онда Жезқазғанның даму тарихы, оны дамытуға, өркендетуге ұлес қосқан тұлғалар туралы энциклопедиялық анықтамалар берілді.

«Жезқазған қаласына – 65 жыл» мерейтойлық медалін шығаруға тапсырыс берілді. «Ұлытау кітапханасы» сериясымен жергілікті үш ақын, жазушының кітабын шығару да қолға алынды.

Қыркүйек айында «Мерекеңмен, Жезқазған!» атты шара аясында Қазақстан эстрадасы жұлдыздарының концертті, Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және ба-

лет театры артистерінің қатысуымен классикалық концерт, лазер шоу, мерекелік оташу ұйымдастырылады.

Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған шаралардың ішінен шоқтығы биік екі үлкен сайысты бөліп айтқым келеді. Оның бірі – «Өнер өлкесінің – Жезкіігі» атты өңші, сазгер Жақсылық Сейілов атындағы республикалық өңшілер конкурсы, екіншісі – «Ақсақ құлан» атты Кетбұқа би атындағы халықаралық күйшілер конкурсы.

Жақсылық Сейілов атындағы республикалық өңшілер конкурсы 2019 жылдың 26-27 қыркүйек айында Жезқазған қаласында өткізіледі. 26 қыркүйекте ортамызда болған да Жақсылық ағамыз 70-жасқа толар еді. Конкурсақ 18 бен 35 жас аралығындағы жеке өңшілер қатыса алады. Конкурстың мақсаты – өңші-сазгер Жақсылық Сейіловтың шығармашылығын кеңінен насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарымызды өнердің көусар бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шыңдауға ықпал ету. Конкурс екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде үміткер өз таңдауы бойынша Қазақстан композиторларының бір өнін және Ж.Сейіловтің берілген алты өнінің бірін орындайды. Екінші кезеңде жеребе тарту арқылы тізімде көрсетілген Ж.Сейіловтің өңдерінің бірін орындайды. Конкурс жеңімпаздарына тағайын-

далған жүлде қоры да қомақты, 3 млн теңге. Оның ішінде Ж.Сейілов атындағы бас жүлде 1 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар, Жақсылық ағамыздың бай мұрасын насихаттау мақсатында конкурспен ғана шектелмей, басқа да игі шаралар қолға алынды. Атап айтқанда, арнайы кітап-фотоальбом дайындалуда. Кітапқа Жақаз жайлы мақалалар, фотосуреттер және оның өңдерінің толық мәтіндері топтастырылады. Мерейтойлық шаралардың ашылу салтанатында көрсетілетін 20 минуттық естелік-фильм мен композитордың өз орындауындағы өңдерінің дискісі, Жақсылық Сейілов туралы көркем фильм жарық көреді. Осы шараларды жүзеге асыруға қала бюджетінен 20700,0 мың теңге қаржы бөлінді.

Кетбұқа би атындағы халықаралық күйшілер конкурсын тамыз-қыркүйек айында өткізу жоспарланған. Конкурстың мақсаты – Кетбұқа би мұрасын және тарихи күйлерді насихаттау, дарынды жас өнерпаздарды анықтау, қазақ күйлерін халықаралық деңгейде таныту. Конкурсақ 16 мен 45 жас аралығындағы үміткерлер қатыса алады. Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай, т.б. мемлекеттерден қатысамын деген талапкерлерге шектеу қойылмайды. Конкурс екі кезеңнен тұрады, жатқа орындаулар Кетбұқа бидің 8 күйінің тізімі ұсынылды. Кетбұқа би атындағы конкурстың бас жүлдесі – 1 млн теңге. Конкурстың қазылар алқасына Қазақ ұлттық өнер университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Тәттімбет атындағы академиялық оркестрден өнер майталмандары шақыры-



лады. Құрметті қонақтар, мәдениет және өнер қайраткерлері де осы шараға қатысуы күтілуде.

Мәдениет – мәңгілік, өнер – өміршен. Өнер деген өміршең ортаның тамырын талай талант иелері басып жүр, шырамы көп өмірдің шырышының өнермен ұштастырып жатқан өнер иелеріне бас имеуге болмас. Сондықтан барлық әріптестерімді, мәде-

ниет және өнер қызметкерлерін, мәдениет саласының ардагерлерін, өнер майталмандары мен өнер жанашырларын осы игі шараларға бірікпесіздей атсалысуға шақырамын.

Салтанат НҰРЛЫБАЕВА,
Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

АКАДЕМИК ӨЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ТУҒАНЫНА 115 ЖЫЛ

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАМЫРШЫСЫ



уақыт өткен сайын айшықтала, айқындала түсетіндей. Халықтар көшінің талай керуеніне жеруік болған Ұлы Дала – адамзат мәдениетінің талбесігі. Ғылымда осы

жинақтады. Сақау ақынның «Ер Олжабай» дастанын, Жаяу Мұсаңның Олжабай батыр туралы дәптерін, С.Торайғыровтың інісі Шәймәрдән жазған «Ер Олжабай» жырын қандай мұрағаттардан табуға болатынын алғаш айтқан Ә.Марғұлан болатын. Бабамыздың өнердің көусар бұлағынан нәр білетін. Бір шайқаста қалмақ қолы басымдық танытып, Абылай әскерінің алғашқы екі тобы сәтсіздікке ұшырайды. Сонда үшінші топты Олжабай батыр бастап, Абылайдың ақ туымен қамалға лап қояды. Қо-

жәрмеңесін жолы түскенде балаларына кітап есеп беретіні айтылады. Әкесі мен Мәшһүр Жүсіптің таусылмайтын әңгімелерін құлағына құйып өскен бала Өлкей жеті жылдық мектепке оқып жүргенде Көпеев шығармаларын қолжазбадан оқып, жатқа үйренеді. Кейін Семейде М.Әуезов Өлкейді үйіне арнайы шақыртып алып жыр жырлатады. Сонда Ә.Марғұлан «Көрғұлы» дастанының Көпеев нұсқасын жатқа айтып берген екен. Халықтың рухани мұралары мен ауыз әдебиетінен сусындап өсуі Ә.Х.Марғұланды 1946 жылы осы тақырып бойынша ғылым докторы дәрежесіне көтерді. Оның сұңғыла шешендігі, әдебиет пен тарих саласындағы жан-жақты білімдері шетелдік аудиторияның өзін елең еткізіп, қазақтың жанын, болмысын түсінуге құштарлығын оятатын болған. «Папам «Өлкейдің басы толған тарих, жазып алыңдар» деп талай айтушы еді. Сол қымбат кісілер өмір бойы болатындай көріп, жас кезде талай ғажап шақтардың

дүниесін, қыпшақ әлемін жаңа қырынан танауда ерекше еңбек сіңірген ғалым, Орта Азия аумағында (Өзбекстан, Тесік тас үңгірі) тас дәуірінің тұрағын алғаш ашқан археолог екенін айтсақ та жеткілікті. Ә.Марғұлан Шығыстану институтынан кейін Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқып, атақты өнер тарихы институтында лекциялар тыңдайды. Ленинград жылдарында Одақтық Ғылым академиясының Қазақстан және Алтай төңірегін зерттеуге арналған экспедицияларына қатысады. Институт қабырғасында жүріп-ақ адайлар мен наймандардың әдет-ғұрпын, тұрмысы мен өнерін зерттеді. «Марғұлан феноменінің құпиясы неде?» деген сауалға жауапты ғалымның өз еңбектерінен табуға болады. 1940 жылы жарияланған «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» атты көлемді мақаласында былай дейді: «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам... Бірақ жоғары дәрежелі мектепте оқып, Еуропа ғылым әдісін пайдала-

ғрандай әсер аласын. Тілі мейлінше қарапайым, жеңіл, ғылым тілінде кездесетін беймәлімдіктің нышаны да жоқ. Мысалы, «Бетпақдала арқылы өтетін ежелгі көруен жолдарының» алғашқы сөйлемінен автормен бірге жолға шыққан жолуашыға айналды (Жалпы Ә.Марғұлан еңбектерінің басты ерекшелігі – тақырыпқа ұзын оңыр кірпісе мен өте күрделі, қабылдауға ауыр қорытындылардың болмауы). Шу өзенінен теріскейге беттеген сәтте алдыңыздан жүздеген шақырымға созылатын өлсіз шөлге тап боласыз. Жолбасшыңыз Өлкей Марғұлан сізді Асан Қайғыдай, шежіреші шалдай жетелеп Бетпақдаланың шөлінен аман алып шығады. Және жол бойы ертегі, аңыз, халықтық дәстүр-салт, тіпті қазақтың өзіне ғана тән жол жүру ережелерінен де хабардар боласыз. Ғалымның шағын ғана бұл еңбегі Күнбатыс пен Күншығысты жалғайтын Ұлы Жібек жолының сөзбен салынған картасы еспетті. Шағын 12 беттік еңбекте 200-ден астам жер су атаулары картографиялық дәлдікпен көрсетілгендіктен сол дәуірдің бейнесін көз алдына елестету қиын емес. Сөз жоқ Ә.Марғұлан осы жолды өзі жүріп өткен (мүмкін бірнеше рет) және ертедегі көруен жолдары қайта жаңғырынын сезген. Ғұламаларда мұндай түйсік болатынын ғылым дәлелдеген. Дәл осындай картографиялық дәлдік тау-кен орындарын болжауда Қ.И.Сәтбаева, содан соң ұлы археолог Ә.Х.Марғұланды ғана кездеседі.



Ұлы даланың иесі кіесі – Сарыарқа тас мүсіндері.

ғылымның орнығуы академик Ә.Х.Марғұланның есімімен тығыз байланысты. ХХ ғасырдың әйгілі оқымыстысы М.Е.Массон «Марғұлан – ғылымдағы ерекше құбылыс» (Марғұлан – особое явление в науке) деген екен. Оның ғылымға қосқан жаңалықтары қазақ тарихының өткені жөніндегі көзқарастарға төңкеріс туырды. Қоғамдық

лығын қоспасына оқ тигеніне қарамастан туды жықпай, шегінбей қамал бузып кіреді. Бабамыз батыр ғана емес қолбасшы, саясаткер, мамлекершілік, елдіртүр тұрғысында да танылған тұлға. Әкемінің айтуына Олжас Сүлейменовтың есімі баба рухын ырымдап қойылған екен, – деп еске алады марғұлантанушы Дәлел Әлкейқызы.



Ғұлама ғалымның үйіндегі жұмыс столы.

қадіріне бойламаппыз... Қыруар материалды бір басына қалай сыйғызатынына таң қалатынбыз» – деп жазады Ш.Қ.Сәтбаева («Сәулелі әулет». А. 1996 ж.).

Қазақ зиялыларының ұясы – Семей педагогикалық техникумының тағдырын ұлы М.Әуезов, Қ.Сәтбаевпен тоғыстырды.

на алмағандықтан, Мәшһүр Жүсіп тарих, әдебиет, біздегі мәдениет туралы бір синтез шығара алмай, тек тарихтың өрбір тарауының желісін ғана (фрагмент) көрсеткен. Ол жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы». Ә.Марғұлан өзі атаған синтезді шығара алды. Қазақ әлемінің



Шығыстанушылардың 25 Халықаралық конгресінде. Мәскеу

ғылымдардың барлық саласы бойынша білімдерлік бір адамның басына жинақталуы шынымен жаратылыстағы ерекше құбылыс. М.Е.Массон оны шығыс жұлдызы Ш.Уәлихановпен теңестіреді. Шоқанды зерттеуі, одан кейін «Қазақтың ерлік жылдарындағы тарихи қоғамдық сарындар» (алғашқы ғылыми еңбегі) тақырыбы, Асан Қайғы, Жиренше, Қорқыт, ең ескі дәуірлердегі халықтың аңыздар, бұрын-соңды өткен ақын-жыраулар шығармаларын жинақтап, деректік жүйеге келтіруі оның есімін шығыстану ғылымында мықтап орнықтырды. Марғұлантанушы әдебиетшілердің (Ш.Қ.Сәтбаева, С.Өтениязов) пікірінше қазақ пен қырғыз фольклорында Ә.Марғұлан зерттемеген мәселе жоқ десе болады. Егер Өлкей Хақанұлы болмағанда Ш.Уәлихановтың еңбектері жинақталып, 1965 жылы бес томдық болып халықтың қолына тимес еді. «Өлкей аға өмірінің бірнеше жылын ұлы ғалым Ш.Ш.Уәлиханов мұрасына арнап, жинап, жүйелеп, зерттеуісін басқарды» (Ш.Қ.Сәтбаева, С.Өтениязов әулет. А. 1996 ж. 130-бет). Шамшиязбану Қанышқызы Шоқан жайлы соңғы зерттеуін академик Ә.Х.Марғұланның рухына арнаған екен. Ұлы ғалымның кеңесімен жазылған осы еңбегі үшін Ш.Қ.Сәтбаеваға ҚР ҒҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы бірінші сыйлығы берілген.

Д.Ә.Марғұланның өңгімесін ел аузында сақталған, кейін хатқа түскен Олжабай батыр жөніндегі деректер айғақтайды. Кезекті бір шайқаста Олжабай қалмақтың бас батыры Шарышты баянпап қолға түсіріп, майданға Қалден Сереннің өзі шығады. Олжабай қонтайшының қолындағы мылтығын атып түсіреді. Ерлігі мен мергендігіне тәнті болған Қалден Серен қазақ батырына алтын жабдығымен арғымақ мінгізеді. Қалмақ билеушісі бітім сұрайды, бір-біріне тиіспеуге «ақ мылтықтың аузын жалап» ант беріседі. Осы тақылетте аңыздарды деректік жүйеге келтіріп, шайқастардың болған орны мен уақытын анықтауға Ә.Х.Марғұлан көп еңбек сіңірді. Мысалы, атақты Талқы шайқасының мерзімін көрсетуде сол шайқасты көзбен көрген француз суретшісі еңбегінің көшірмесін негізге алғандығын айтады. Музей қорларынан шұқша зерттеген ғалым оны Мәскеудің тарих музейінен кездестіреді. (Ә.Марғұлан. «Олжабай батыр». 1994 ж.)

Ұлттымыздың мақтанышы, энциклопедист ғалым, археолог, этнограф, халықтың рухани, материалдық мұраларының білгірі Ә.Х.Марғұланның сауат ашып, білім алған ортасы да осал болмаған. Олжабай батырдан тарайтын Дулат бидің ұрпағы Хақан арабшаға жүйрік, жасында Керекүдегі шешек емдейтін арнайы курста оқып, Ертіс бойы елінің балаларын емдеумен айналысқан. Ә.Х.Марғұланның естеліктерінде Хақанның Мәшһүр Жүсіп, Біләл моллалармен жақын болғандығы, Қоянды



Ә.Х.Марғұлан Шәрипа апа және Сәтбаев ұрпақтарымен.

Техникум директоры Әбікей Сәтбаевтың ағалық қамқорлығы кейін Сәтбаев пен Марғұлан әулеттерінің ажырамас туыстық қарым-қатынасына ұласты. Әбікей Зейінұлы – Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі, Баянауыл, Керекүде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, географиядан сабақ берген. Қазақстандағы мұғалімдер дәріп-лайтын алғашқы оқу орны Семей педтехникумының туңғыш директоры Ә.Сәтбаевтың қызы, кейін мед.ғылымдарының докторы атанған, қазақтан шыққан алғашқы онколог дәрігерлердің бірі – Раушан Әбікейқызы ғұлама ғалымның жары және айнамыс серігіне айналды. Ә.Марғұлан педтехникумды бітірмесін Қаныш Имантайұлының ақыл-кеңесімен Ленинградтағы шығыстану институтына түседі. Онда әйгілі шығыстанушы ғалымдар В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, В.В.Струве, С.Е.Малов, В.М.Жирмунский, Е.Э.Бертельстерден дәріс алады. Қазақ даласы, Орта Азия халықтарының ежелгі тарихы жөнінде құнды мұралар қалдырған А.П.Окладников, М.П.Грязновтармен қатар оқиды. Академик А.П.Окладников – түркі

айнымас болмысын ішкі түйсік, интеллектпен сезініп, есте жоқ ескі тарихтың қаңқа-қанын дәлдікпен құрастырып, оған ұлттық жанын сіңіре білді. Оның шығармашылық ғұмыры атам замандарда шашылып, топыраққа айналып кеткен асыл моншақтың сынықтарын аса бір ыждахаттылықпен, тәзімділікпен бір өзеке тізіп шыққан шебердің жанкешті тіршілігі секілді.

Ғұлама ғалымның ерекше өнімді зерттеген тақырыбы – Сарыарқа, Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті мен тарихы, сәулет өнері, кен қазу және металл балқыту кәсібінің қалыптасу, даму тарихы. Үлкен кедергілермен 1979 жылы жарық көрген «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дөңдібай мәдениеті» монографиясы Қазақстан тарихының жолсілтеме (путеводитель) оқулығына айналды. Оның еңбектерінде көрсетілген ескерткіштер мен қорған, тұрақтар, төмпешіктер бүгінгі күнге дейін өзінің зерттеушілерін күтіп жатыр. Ғалымның қай еңбегін қолына алсаң да байтақ мекенге, елдің қазына мен ата-бабадан қалған тіршілік ортасына сүйіспеншілік, тіпті туған далаға арналған ода оқып оты-

рағанды әсер аласын. Тілі мейлінше қарапайым, жеңіл, ғылым тілінде кездесетін беймәлімдіктің нышаны да жоқ. Мысалы, «Бетпақдала арқылы өтетін ежелгі көруен жолдарының» алғашқы сөйлемінен автормен бірге жолға шыққан жолуашыға айналды (Жалпы Ә.Марғұлан еңбектерінің басты ерекшелігі – тақырыпқа ұзын оңыр кірпісе мен өте күрделі, қабылдауға ауыр қорытындылардың болмауы). Шу өзенінен теріскейге беттеген сәтте алдыңыздан жүздеген шақырымға созылатын өлсіз шөлге тап боласыз. Жолбасшыңыз Өлкей Марғұлан сізді Асан Қайғыдай, шежіреші шалдай жетелеп Бетпақдаланың шөлінен аман алып шығады. Және жол бойы ертегі, аңыз, халықтық дәстүр-салт, тіпті қазақтың өзіне ғана тән жол жүру ережелерінен де хабардар боласыз. Ғалымның шағын ғана бұл еңбегі Күнбатыс пен Күншығысты жалғайтын Ұлы Жібек жолының сөзбен салынған картасы еспетті. Шағын 12 беттік еңбекте 200-ден астам жер су атаулары картографиялық дәлдікпен көрсетілгендіктен сол дәуірдің бейнесін көз алдына елестету қиын емес. Сөз жоқ Ә.Марғұлан осы жолды өзі жүріп өткен (мүмкін бірнеше рет) және ертедегі көруен жолдары қайта жаңғырынын сезген. Ғұламаларда мұндай түйсік болатынын ғылым дәлелдеген. Дәл осындай картографиялық дәлдік тау-кен орындарын болжауда Қ.И.Сәтбаева, содан соң ұлы археолог Ә.Х.Марғұланды ғана кездеседі.

Ә.Х.Марғұлан мен ақ. Қ.И.Сәтбаевтың бір-біріне деген құрметі, ғылымдағы ажырамас сабақтастығы белек өңгіменің арқауы. Бір ғана детальды айта кетуге болады. Қ.Сәтбаев ғұмырнаамасымен 50 жылға тау-айналысып, оны ХХ ғ. ұлы оқымыстыларының тізіміне енгізген жазушы М.Сәрсекенің Қаныш тақырыбына келуі тікелей Ә.Марғұланның аманаты екен. 1963 жылы Өлкей Хақанұлы Медеу Сәрсекені іздеп, шақыртып алады. «Сені іздегенім қарағаш... Біздің қазақта қасында жүрген ұлы адамды көрмейтін, көрсе де мұрнын шүйіріп қарамайтын жаман гадет бар. Шетелдік данышпанға, басқа жұрттың әлдеқандай бір білгішіне өлердей сүйсінеміз, ал өзіңнен шыққан тума перзентті, қандай ғұламаны елемей аяқасты ету – ежелден әдетіміз. Айталық, қазіргі дара білгіріміз – Қанекеннің жасы алпыстан асты... Сені қарағаш сол үшін іздедім. Қияли шығармаларды әзірше қоя тұрып, Қанекен жайында деректі қиқаят, бәлкім роман жазуға талап қылсаң қайтесің» – деп қолма салады (М.Сәрсекеев. Қуғындалған Сәтбаев. А. 1994 ж.). Қ.Сәтбаевтың айналасындағы қауымнан бір адам суырылып шығып, ғұмыр жолын зерттеуге ден қоймай жүргенін айтады. М.Сәрсекее алғашында жүрегі дауаламай, бірер апта ойлануға мұрсат сұрайды. Келісімін бергенде Өлкей Хақанұлы балаша қуанған екен. М.Сәрсекенің айтуына болашақ зерттеу жұмысының алғашқы нобайын жасауға Ә.Марғұлан қол ұшын береді. Тіпті бұл өлденше жылдарға созылатын еңбек екенін, қайдан, қандай дерек алу керек екеніне дейін айтады. Қаныштың балалық шағынан мол дерек беріп, қолғабыс ететінін білдіреді. Ғасырда бір туатын осындай тарих тарландарының адамгершілік қасиеттері, бір-бірін бағалап, қадірлеуі – ұрпақ үшін өнеге мектебі.

Академик Ә.Х.Марғұланның көзі тірісінде ғылыми басылымдар мен әдеби, тарихи, ғылыми-көпшілік баспасөзде жарияланатын тарихи дүниелерді «Марғұлан сүзгісінен» өткізіп алу әдеті болған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 2014 жылғы № 1-2 сандарында жазушы Д.Әшімхан 1981-1991 ж. осы басылымда қызмет еткен. 1982 жылы ақпан айында редакцияға «Қобыланды батыр жыры және тарихи деректер» деген мақала түседі. Редактор Ш.Мұртаза оқып шығып мақаланы Өлкей Марғұланға қаратып алуға Дидихметті жібереді. Өлкей Хақанұлы Қобыланды жайлы тың деректердің тас-талқанын шығарады. «Бұл өзі (мақала авторын айтып отыр) тарихта екі Қобыланды болғанын біле ме екен? Шөйін бос далбасалауға болмайды ғой. Қарағым-ау, мынауың қият пен оғыз қыпшақтарды қатар қойғаны несі. Оғыз бен қыпшақтың өзі сол қияттан тараған ғой. Тарихқа жорамал жүрмейді. Тарихқа дәлел керек. Дәлелсіз тарих – тарих емес, ол халықты алдау», – деп ашуланады Ә.Марғұлан. Мақаладағы өзі қарсы болған тұстардың бәрін сыздырып тастайды. Қысқасы Дидихмет екі сағат Өлекеңнің алдында отырып, Қобыландыны ұмытып, ғалымның «Шоқан туралы естеліктер» атты өз мақаласын тұлға, редакцияға қайтады. Негізінде, Өлкей Хақанұлы секілді ғұламаның сенурасы тарихқа қай кезеңде де қажет-ақ.

Зейіп ҚАЗАНБАЕВА,
Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының директоры

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

XXI ғасыр – жаңаша даму кезеңінің бастауы білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үштілді білу қажеттілігін қойып отыр.

деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындығы дәрежеге қол жеткізіміз міндет», – деп ерекше атап көрсеткен.

Қазіргі таңда өлшемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сон-

тәжірибелерді оқып білу, оны тануда тілдің қажет екендігі белгілі. Себебі, өндірістің, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілдердің көптеген саладағы қызметі артып, күннен күнге тілдердің дамуы мен өзгеруі жеделдеуде. Әсіресе, мемлекетіміз үшін

АҒЫЛШЫН ТІЛІ – ӘЛЕМ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТІЛІ

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша роль атқаратыны баршамызға аян. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғары оқу орындарында ағылшын тілін білу айрықша мәртебеге ие.

дықтаң, біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркендетілетін қалып қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз керек. Бұл – заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде сөйлей де, жаз да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айтылатыны сөзсіз. Біз үштілділікті өзіміз үшін стратегиялық мән ерекше құбылыс деп бағалаймыз. Сондықтан, да бұл құбылысты тәртіптілік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің көз келген сыңары ретінде көз келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз.

экономика мен өндірісті, білім мен ғылымды, медицинаны, туризмді дамытуда, телекоммуникацияны жетілдіруде, ғарышты игеруде, тағы да басқа қоғамның біршама салаларында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызметі дамып, үштілділік мәселесі белсенді қолданыс табады.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік болып табылады. Сонымен, оқу орындарында үш тілде оқытуды қолға алудағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты білімді, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қарқынды даму жолындағы елді демократияландыру, әлеуметтік өркендеу саласындағы талпыныстары білім беру жүйесін жаңаша өркендетіп оқыту, тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етіп отыр. Еліміздің даму кезеңінде, оның дүниежүзілік аренаға шығуы, басқа елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастарды қалыптастыруы, әртүрлі дипломатиялық қызмет атқаруы шет тілінің ролін көтеруді қажет етеді. Қоғамдағы геосаяси, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер мен ғаламтор жүйесі арқылы тілдесу әртүрлі маамандықтағы, әртүрлі жастағы, әртүрлі қалаулы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түседі.

Елбасымыз «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, 2007 жылдың Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» – «Триединство языков» атты мәдени жобаны көзге-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев: «Мектептерге ағылшын тілінен шет елдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары

Барлық салалардағы жаңалықтардың қалыптасу заңдылықтарындағы үздік, озық



зақстан Республикасында тұғыры биік бір-ақ тіл бар. Ол мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. «Тұғыр» сөзінің мағынасына үңілетін болсақ, ол – «дінгек, қазық» деген мағынаны білдіреді. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігі, мықтылығын қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, биік тұғырымыз – қазақ тілі. Ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, оуық сөзді қадалады. Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәнғұрт-төңбейміз! Ағылшын тілі – әлемдік бизнестің тілі. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып табылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз ор-

нын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

Сонымен қорыта келгенде, үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Көптілді білу – уақыт талабы. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек деп ойымды аяқтағым келеді.

Арман КЕНЖЕБЕК, О.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

АЛАШАҚ пен БЕРЕШЕК



шыл сыйлы адам болғаны жөн. Яғни берілетін қарыз алушы адамның уәдесіне қарай жазылып, қатталынуы тиіс. Сонымен қатар, осындай қарыз ақша, сауда және тағы басқа мәселеге әйел адамдарының анағұрлым араласпағаны жөн. Бұл жағдайда әйелдің сыйлылығы, құрметтілігі жоғары тұрады.

Дінімізде асыл ниет, жақсы мәселеге қарыз алу рұқсат етіледі. Қарыз алушы адам: «Аллаһай! Мынадай мәселеге қарыз алдым. Ниетіме күөсің. Қайтаруым керек. Уақытылы өтеуім керек. Сол қарызым қайтқанша өмір бер. Амандық бер. Саулық бер. Қарызыды абыроймен қайтаруға шама бер. Сенің алдында да, пенденің алдында да жүзімді жарық ет. Аманатты қиянатсыз қайтаруға мүмкіндік бер» деп дұға еткені абзал. Осындай тілектен қарыз алған адамның жанында да үнемі періштерлер болады. Қарызын өтегенше олар дұға етеді, жәрдем береді.

Алла Елшісі (с.ғ.с) дүниеден озған адамның жаназасында әуелі қарызы туралы сұрайтын. Бір сахаба қайтыс болғанда, артында қарызы қалады. Онда жаназаны басқа біреу оқысын дегенде, Әбу Дарда (р.ғ) сол жерде қайтқан адамның қарызын өз мойнына алады. Сонда ғана пайғамбарымыз (с.ғ.с) жаназасын оқыды. Ертересіне таң намазда Әбу Дардадан (р.ғ) сол қарызың төлемін сұрайды. Қарыз бесін уақытында төленеді. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с) Әбу Дарданың денесін азыптан аман болуына дұға етеді. Таң сәреде берешек өтемінің сұралуы бұл мәселенің аса маңызды жәйт екендігін аңғаруға болады.

Ұлық имам Шафий қайтыс болғанда, оның күнделік дәптерінен «Мені пәленше деген досым жуындырсын» деген қол жазба табылады. Содан досын шақыртып, «Өсиет бойынша сіз жуындыру керексіз» дегенде, бұл жазбаның астары «Досым, менің қарызымды өтесін» деген ишараты еді.

Әділетті Омар (р.ғ) халифалығы кезеңінде оған ұлы келіп:

– Әке, айт жақындап қалды. Үстімізге киер жақсы айт көйлегін алайыңыз – дейді. Сонда Омар (р.ғ): – Қазынашыға бар. Айлығым шыққанша көйлек алуға қарыз бере тұрсың, әкем айтты деп айт, – деп ұлын жолдайды. Сонда қазынашы: – Әкенің Омар ол қарызыды қайтарғанша, өлмеймін деген қолхат жазы берсін деген екен.

Бірде әйгілі Осман халифты елден қарыз алып, оны төлемей жүрген

адамды өз сарайына қонақ етеді. Мұндай мүмкіншіліктің бола бермейтінін ойлаған ол халифаның құзырына сөйлеуі ат мініп келеді. Ал патша қызметкерлері оның көлік атын сыртқа сатып, қарыздарын жабады. Сөзден кейін ол сыртқа шығып, мініп келген атын айналдан таба алмай, танырқап тұрғанда, патша оған «Қарызың өтелмей атпен жүргенше, қарызсыз жаяу жүргенің жақсы» деген екен.

Атымтай Жомарт адамдарға қарыз берумен атағы шыққан. Оған бір жігіт келіп, қарыз сұрайды. Сонда қарызды бір шартпен беретіндігін айтады. Шарты алаңға шығып, ақшаны ел алдында беру және ақшаны беріп тұрып, қолын сүйдіру еді. Сонда: – Неге қолыңды сүйемін? – деп одан жігіт сұрағанда:

– Өз қолыммен берген ақшамды қайтарып аларда, сенің аяғыңды мен сүйеге даяр боламын – деген екен.

Хадисте кімде-кім қарыз алса, сол қарызыды ниетінде уақытында өтеуі қуғылу болса, Алланың жәрдемімен қарыздан құтылады. Қалай жабылғанын өзі де білмей, бітісі жабылып кетеді. Ал қайсыбір адам қарызды теріс ниетпен алса, әуелі өз шаруасын тындырып, қарызды қайтаруың бір жөн болар деп аяқсыз қалдырса, Жаратқанның қарғысына қалып, талапталға дуаһ болып, берекеті кетіп, қадір-қасиетінен жұрдай болатындығы айтылған.

Бүгінде ел арасындағы алыс-беріс көбейген сайын, қарыз беру мен алу да ұлғайды. Осыған байланысты дау-дамай да жиіледі. Осы себептермен ағайындар ортасына сызат түскендігін естіміз. Тіпті жаназада «Қарызым бар еді» деп даулап, табытына жармасатын жағдайлар кездесуде. Бұл дүниеден кеткен адам қарыздар болса, шарият тұрғысында сол қарыз марқұмның қалған мирас дүниесінен қайтарылады. Егер, қарызы артында қалған дүниесінен де асып кетсе, қарыз берген адам сабырлық танытады немесе кешіреді. Қияметке қалмағаны жақсы. Ал перзенттері мен туыс-бауырлары қарызды өтеулері міндетті емес! Еріктік жасап, төлеп жатса, мол сауап.

Қарыз күндіз – қайғы, түнде – ұйқысыздық. Сондықтан, шама келгенше қарызсыз өмір кешу, барға қанағат ету, адал өнекентеніп, тер төгу берекелі бақыттың тыныш даңғылы жолы екенін естен шығармайық, ағайын!

Нұрлан Қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ, дінтанушы имам

ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

Table with 7 columns: Апта күні, Таң, Күн, Бесін, Екінті, Шам, Құптан. It lists prayer times for each day of the week from Dүйсенбі to Сәрсенбі.

Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

ЖӘРДЕМАҚЫ КӨЛЕМІ ӨСЕДІ



2019 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға тағайындалатын жәрдемақы мен бала кезінен I топтағы мүгедекке күтім көрсететіндерге берілетін жәрдемақы көлемі өседі.

«Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың берген тапсырмасына сәйкес, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі 30 % өсті.

Бүгінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар күнкөріс көлемінің 1,05 есесінде 31 183 теңге жәрдемақы алып отыр. 1 шілдеден бастап оның көлемі 10 395 теңгеге өсіп, 41 578 теңгеге құрайтын болады. Айта кетейік, елімізде аталаған екі жәрдемақы түрі 95 мыңнан астам адамға тағайындалған. Олардың 82 мыңға жуығы мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандар болса, 13 мыңнан астамы бала кезінен I топтағы мүгедектерге күтім көрсететіндер.

Жылдың ортасынан бастап көлемі өсірілген жәрдемақының қайта есептелуі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері мен Еңбек комитетінің аймақтық департаменттері автоматты түрде жүзеге асты, бұл үшін жәрдемақы алушылар қосымша құжат тапсырмайды.

Алмағұл БАЙМЕНОВА, КЕАҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қарағанды облысы бойынша филиалы Жезқазған қалалық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

ТЕРРОРИЗМ мен ЭКСТРЕМИЗМ – ӨРКЕНИЕТТІ БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРІ



Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде терроризм мен экстремизмнің құбылысы, оның нысандары мен көріністері байқалауда.

Экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асыруды түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста.

Заманауи терроризм – бұл әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларының шеінен шығып, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірген күрделі, көпқырлы және аса жағымсыз саяси-әлеуметтік құбылыс. Жаһандық зұлымдықпен күресуді тиімді әдістері мен нысандарын зерттеуге арналған мемлекеттер басшыларының қатысуымен көптеген халықаралық конференциялар өткізілді. Осы форумдарда терроризмге тиісті халықаралық реакцияның оған қарсы күресудің халықаралық жүйесі талап етілетіндігі туралы бірнеше рет айтылды. Терроризмге қарсы тұру

үшін бізге терроризмнің мәнін нақты анықтау қажет. Қазіргі таңда «терроризм» мәнінің әмбебап анықтамасы жоқ. Барлығына мәлім, терроризм экстремизммен тығыз байланысты, яғни, экстремизм терроризмнің бір бөлігі болып табылады.

Демек, «экстремизм» тұжырымдамасын алдын-ала қарастырмай, «терроризм» ұғымының мәнін ашу мүмкін емес.

Жалпы термин ретінде «экстремизм» қазіргі заманғы саясаттың белсенді айналымына жиырма-сыңшы ғасырдың екінші жартысында ғана енгізілді. 2003 жылы ЕКПА (Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы) анықтағандай, «экстремизм» – бұл парламенттік демократия принциптерін тікелей немесе жанама түрде қабылдамайтын саяси қызметтің нысаны.

Экстремизм – бұл қоғамдық-саяси жүйенің идеологиялық және институционалды негіздерін жоққа шығаратын және заңды конституциялық тәртіпті тез арада күштеп өзгертуге шақыратын түбегейлі идеяларға негізделген саяси тәжірибе.

Заманауи терроризм мен экстремизм қоғам мен мемлекеттік қауіпсіздігіне белсенді түрде әсер ететін ауқыммен, әлеуетті арттырумен, террористтік және экстремисттік топтар ықпалды саяси құрылымдарға айналумен, террористтер мен экстремистердің іс-әрекеттерінің қатыгездігімен және т.б. нысандармен сипатталады. Терроризм, экстремизм және ұйымдастырылған қылмыс – бүкіл әлемдік қауымдастық үшін аса қауіп-қатер ретінде саналады.

Діни экстремизм мен радикализм – бұл жалпыға ортақ проблема. Бұл проблеманы тек кейбір мемлекеттік органдар ғана жұмыс жасайды деп айтуға болмайды. Әрбір мемлекеттік орган өзінің функционалды ерекшеліктерінің негізінде өз үлесін қосуы қажет. Терроризмге және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Тіркеумен қылмыстардың жалпы санының террористік және экстремисттік сипаттағы қылмыстардың шамалы бөлігі болып табылатындығына қарамастан, олар қоғамның, мемлекеттің және құқық қорғау органдарының теріс реакциясын тудырады.

Қазіргі таңда осы терроризм мен экстремизмнің

көрінісі мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Жастардың діни көзқарасы өлі де өзекті мәселе болып табылады және жүйелі талдауды қажет етеді. Әр түрлі себептермен дәстүрлі дінді жоққа шығаратын адамның көзқарастарына негізделген жастардың діни ізденісі ХХ ғасырдың жалпы көрінісін табады.

Жастар – біздің мемлекетіміздің болашағы, ол бізден күнделікті қамқорлық пен тынымсыз ізтипатты қажет етеді. Жастарымыздың адамзаттық болмыстағы, әсіресе, дін саласы сияқты нәзік саладағы құнды бағдарларын білу өте маңызды. Себебі, адамның жеке тұлға ретінде көбінесе жас жылдарында қалыптаса бастайды.

Діни көзқарастағы (деструктивті діни бағыттардың ықпалына түскен) кейбір жас азаматтар өздерін қоғам мен мемлекетке қарама-қарсы қойып, қазақ халқының рухани мәдениетіне және ұлттық дәстүрлеріне теріс көзқараспен қарайтын болды. Оларда тіпті зорлық-зомбылық тәсілдерін қолданумен мемлекетіміздің саяси құрылымдағы зайырлы сипатын өзгертуге ықпаластары пайда болуы. Бұл көріністер қоғамда жаңа саяси-әлеуметтік пішіндердің қалыптасуына себептес.

Жалпы, дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ұйымдастырылған жұмыс өзінің нәтижесін беріп, ал оның тиімділігі бірліктен бірте-бірте өседі.

Мемлекетіміздегі діни ахуалдың тұрақталуы туралы негізгі бағыты беретін – халық. Осы кезеңде жұмыстың стратегиялық жолмен таңдалған бағыттарын жалғастыру, іс-тәжірибені біртіндеп жақсарту маңызды. Енді біз конфессияаралық келісімге, жоғары мәдениетке және қоғамды тәрбиелеуге негізделген еліміздің рухани бойлығын сақтау және одан өрі арттыру үшін бәрін жасауымыз керек.

И. ПАРКУЛОВ, Қоғамдық даму министрлігі қоғамдық келісім комитеті мәдениеттер және діндер халықаралық орталығы дінаралық сұхбаттасуды дамыту бөлімінің жетекші сарапшысы

ЕСКЕ АЛУ

QAZAQSTAN
06:05 «Қазақ даласының құпиялары», 06:25 «Мәселен» 07:00 «ТАНСHOLPAN», 10:00 «Қыздар», 10:45 «Отыңды өшірме», 11:45 «Бір фотосуреттің тарихы», 12:00 «Арта», 13:00 AQPAPAT, 13:10 «Ауыл сақшысы», 14:10 «Гүлпері», 16:00 «SHANYRAQ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Нағыз ҚАЗАҚ ДОМБЫРА», 17:35 «Афуыл кеш, Оазис!» 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 AQPAPAT, 20:40 «Отыңды өшірме», 21:40 «ГҮЛПЕРІ», 22:40 «BIZBEN BIRGE», 23:30 AQPAPAT, 00:05 «Shafyuar», 00:55 «Qyzuq eken...», 01:40 «Arta», 02:40 «Qareket», 03:30 AQPAPAT.

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 06:45 «Бликии Билл», 07:00 «Тобот», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тобот», 10:20 «Тур де Хабар», 10:50 «Келіжан», 11:15 «На қрылых любви», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Ат, глобал», 12:35 «Мектептің үрпағы», 13:00 «Новости», 13:10 «Давайте говорить!», 15:00 «Давайте говорить!», 16:00 «На қрылых любви».

16:45 «Бір туыңды тарихы», 17:25 «Модель Назарбаева», 18:00 «Жұмбақ жандар», 18:45 «Өгей жүрек», 19:30 «Келіжан», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня 21:30 «Төле би», 22:30 «Небо моего детства», 00:30 Қорытынды жаңалықтар, 01:00 «Жұмбақ жандар», 01:45 «Өсем әуен».

АСТАНА
06:00 «Таңдауым сен», 07:00 Аружанмен бой жауу жаттығулары, 07:10 Разминка с Аружан 07:20 «Біздің уақыт», 08:05 Мультфильм, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Аватория», 12:00 «Я-женки», 14:00 Күнділі жаңалықтар, 14:20 «МoneyTime», 14:40 «ТенгеманияNEXT», 15:00 «Жұлдыздар айтсады», 16:30 «Қорғаныс», 17:30 «RuH.kz», 18:00 «Кешікен хат», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 «Новости <20:30>», 21:00 «Таңдауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:30 «Бір туған», 00:30 «Жетер», 00:30 «Жетер», 02:30 Жаңалықтар, 03:00 «Ән мен өзім».

КТК
07:05 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН», 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:20 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ».

ЖАСЫ», 09:50 «ЮРМАЛА», 10:50 «СЕСТРА ПО НАСЛЕДСТВУ», 14:50 «ОТ НЕНАВИСТИ ДО ЛЮБВИ», 16:35 «АТАЛАР СӨЗІ», 17:20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 18:00 «СҮЙКІТ ДЕНИЗ-2», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 23:30 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 01:10 «АТАЛАР СӨЗІ», 01:35 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ», 03:40-04:30 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА
06:00 «Жаңа келін», 06:50 «Элиф», 09:00 «Черепахи-ниндзя», 10:20 «Закусочная на колесиках», 12:50 «Жаңа келін», 15:00 «Жазмыш», 16:00 «Каландия», 16:50 «Легко на помине», 18:50 «Охотник за головами», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Элиф», 23:10 «Зың-зың Куллаш», 00:10 «Охотник за головами», 02:10 «Спецотряд «Кобра 11», 03:00 «Элиф», 03:45 «Өз ойым», 05:00 «Жаңа келін».

31
05:50 «Жігіттер», 06:00 «Жігіттер», 06:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 07:00

Информбюро 08:00 «Как я стал русским», 10:00 «Әзілдер жинағы», 11:30 «Жігіттер», 12:30 «Үш қыздың құпиясы», 13:30 «Әзілдер жинағы», 14:30 «Тимон и Пумба», 15:00 «Лило и Стич», 16:00 «Воронины», 17:50 «Ивановы-Ивановы», 20:00 Информбюро, 21:00 «Үш қыздың құпиясы», 22:50 «Кыш Жібек», 01:40 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 02:30 «Келіндер бәйгесі», 02:50 Ризамын 04:30 Әзіл студия, 05:00 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері.

ДИДАР
08:00 «Гороскоп», 08:30 «Таңғы шоу», 11:05 «Жүрек тынысы», 12:00 «Әке сөзін», 13:00 «Жезиқ», 13:20 «Антология. Б.Шукенов», 13:30 «Сәлем», Роза мен Абдықалпар Әлжанов ең көші, 15:30 «Время Шелкового пути», 16:00 «Хабарландыру», 16:20 «Кесірілер», 17:45 «Дорога людей. В поисках последнего хана», 18:30 «Гороскоп», 18:35 «Хабарландыру», 18:55 «Өмір тынысы», 19:35 «Я верю в себя», 20:15 «Рухани жанғыру», 20:30 «Дидар», 21:00 «Сәлем», 22:00 «Панорама дня», 22:20 «Территория происшествий», 22:30 «Тәулік тынысы», 22:55 «Өзің сен», 23:30 «Дидар».

QAZAQSTAN
06:05 «Қазақ даласының құпиялары», 06:25 AQPAPAT, 07:00 «ТАНСHOLPAN», 10:00 «Қыздар», 10:50 «Отыңды өшірме», 11:45 «Qyzuq eken...», 12:35 «AN JYLUY», 13:00 AQPAPAT, 13:10 «Бір фотосуреттің тарихы», 13:25 «Kynlll tolynyu», 14:00 «Ауыл сақшысы», 15:00 «Гүлпері», 16:00 «SHANYRAQ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Bizen birgel», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 AQPAPAT, 20:40 «Отыңды өшірме», 21:40 «ГҮЛПЕРІ», 22:40 «BIZBEN BIRGE», 23:30 AQPAPAT, 00:05 «Shafyuar», 00:55 «Qyzuq eken...», 01:40 «Aqsayut», 02:40 «Qareket», 03:05 «Jan jyluy», 03:30 AQPAPAT.

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 07:00 «Тобот», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тобот», 10:20 «Тур де Хабар», 10:45 «Келіжан», 11:15 «На қрылых любви», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Бабапар ізімен», 12:30 «Журналистик зерттеу», 13:00 Новости, 13:10 «Небо моего детства», 15:00 «Давайте говорить!», 15:45 «На қрылых любви», 16:30 «Төле би», 17:25

«Моя Астана», 18:00 «Жұмбақ жандар», 18:45 «Өгей жүрек», 19:30 «Келіжан», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня 21:30 «Төле би», 22:30 «Путь Лидера. Разрывная горя», 00:00 «10 минут о любви», 01:40 «Өсем әуен».

АСТАНА
06:00 «Таңдауым сен», 07:00 Аружанмен бой жауу жаттығулары, 07:10 Разминка с Аружан 07:20 «KazNet», 07:50 Мультфильм, 09:50 «Доктор рекомендует», 10:00 «Абысындар», 11:00 «Аватория», 12:00 Күнділі жаңалықтар, 14:20 «MonyTime», 14:40 «ТенгеманияNEXT», 15:00 Айгул Иманбаеваның «Кешікен хат», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 «Новости <20:30>», 21:00 «Таңдауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:30 «Бір туған», 00:30 «Жетер», 00:30 «Жетер», 02:30 Жаңалықтар, 03:00 «Ән мен өзім».

КТК
07:05 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН», 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:20 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 10:00 НОВОСТИ, 10:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 12:40 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 14:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 17:20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 18:00 «СҮЙКІТ ДЕНИЗ-2», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 23:30 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 01:10 «АТАЛАР СӨЗІ», 01:45 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ», 03:50-04:30 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА
06:00 «Жаңа келін», 06:50 «Элиф», 09:00 «Черепахи-ниндзя», 11:00 «Смешанные чувства», 12:50 «Жаңа келін», 15:00 «Жазмыш», 16:00 «Вероника не хочет умирать», 17:10 «Спецотряд «Кобра 11», 18:50 «Охотник за головами», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Элиф», 23:10 «Зың-зың Куллаш», 00:10 «Охотник за головами», 02:10 «Спецотряд «Кобра 11», 03:00 «Элиф», 03:45 «Өз ойым», 05:00 «Жаңа келін».

31
05:50 «Жігіттер», 06:00 «Жігіттер», 06:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 07:00

ЗЕМЛЯ», 12:40 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 14:30 «ОТ НЕНАВИСТИ ДО ЛЮБВИ», 16:35 «АТАЛАР СӨЗІ», 17:20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 18:00 «СҮЙКІТ ДЕНИЗ-2», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 23:30 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 01:10 «АТАЛАР СӨЗІ», 01:45 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ», 03:50-04:30 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА
06:00 «Жаңа келін», 06:50 «Элиф», 09:00 «Черепахи-ниндзя», 11:00 «Смешанные чувства», 12:50 «Жаңа келін», 15:00 «Жазмыш», 16:00 «Вероника не хочет умирать», 17:10 «Спецотряд «Кобра 11», 18:50 «Охотник за головами», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Элиф», 23:10 «Зың-зың Куллаш», 00:10 «Охотник за головами», 02:10 «Спецотряд «Кобра 11», 03:00 «Элиф», 03:45 «Өз ойым», 05:00 «Жаңа келін».

31
05:50 «Жігіттер», 06:00 «Жігіттер», 06:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 07:00

Информбюро 08:00 «Маша и Медведь», 09:30 «Әзілдер жинағы», 11:30 «Жігіттер», 12:30 «Үш қыздың құпиясы», 13:30 «Әзілдер жинағы», 14:30 «Тимон и Пумба», 15:00 «Лило и Стич», 16:00 «Воронины», 17:50 «Ивановы-Ивановы», 20:00 Информбюро, 21:00 «Үш қыздың құпиясы», 22:50 «Біздің каланың ханадаасы», 00:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 01:30 «Келіндер бәйгесі», 02:50 Ризамын 04:30 Әзіл студия, 05:00 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері.

ДИДАР
08:00 «Дидар», 08:30 «Гороскоп», 08:35 «Таңғы шоу», 11:35 «Өмір тынысы», 12:15 «Я верю в себя», 13:00 «Дидар», 13:30 «Рухани жанғыру», 13:45 «Асыл-ана», 15:25 «Өзің сен», 16:00 «Хабарландыру», 16:30 «Ән шашу», 17:00 «Айша», 18:00 «Дидар», 18:15 «Мультфильм», 18:30 «Гороскоп», 18:35 «Хабарландыру», 19:05 «Я верю в себя», 19:50 «Антология. М.Хамзин», 20:05 «Ұлы даланың жеті қыры», 20:30 «Дидар», 21:00 «Сәлем», 22:00 «Панорама дня», 22:20 «Территория происшествий», 22:30 «Тәулік тынысы», 22:55 «Өзің сен», 23:30 «Дидар».

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

«В связи с повышением стоимости химочищенной воды теплосточником – Жезказганской ТЭЦ ТОО «Казахмыс Энерджи», АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказган уведомляет потребителей, что стоимость реализации химочищенной воды для нужд горячего водоснабжения с 1 августа 2019 года составит 115,81 тенге за 1 куб.метр без учета НДС.

Администрация АО «ПТВС»

ОҚУША ШАҚЫРАМЫЗ

Құрметті «Математика+Физика» таңдаған түлектер! Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-де жаңадан грант негізінде «IT кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «HR экономика және еңбек қауіпсіздігі» мамандықтары ашылды. Грантқа түсушілерге ҚарМУ коды – 031. Т. 87479403527, 870159858369. www.ksu.kz мем. лицензия №12015198. 15.10.2012 ж.

ТЕРЕКТИ СТАНЦИЯСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Кенгір селосы өкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырумен 2019 жылдың 3 шілдесі сағат 15.00-де Теректі станциясының мәдениеті үйінің акт залында жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіне: Теректі елді-мекеніне көше аттарын беру туралы.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Жезказған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 2019 жылдың екінші тоқсаны және бірінші жартыжылдығы үшін салық есептіліктерін тапсыру мерзімі басталғанын хабарлайды. Оңайлатылған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер 910.00 нысанын, жалпыға бірдей тәртіп салық режимін қолданатын салық төлеушілер 200.00 нысанын, сонымен қатар, қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепте тұрған салық төлеушілер 300.00 нысанын 2019 жылдың 15 тамызынан кешіктіріп тапсырулары тиіс. ҚР Салық кодексінің 213-бабына сәйкес, қызметі тоқтатылған салық төлеушілер салық есептіліктерін қызметті тоқтатылған мерзім үшін тапсырмайды.

Уақытылы салық есептілігін тапсырмаған салық төлеушілерге қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес өкімшілік жазалар қолданылатынын хабарлаймыз.

МАМАН КЕҢЕСІ

НАШАҚОРЛЫҚ – АИТВ ЖҰҚПАСЫНА ӘКЕЛЕТІН ЖОЛ

Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып, белең алып барады. Сондықтан 1987 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 26 маусымды нашақорлық пен есірткінің зансыз айналымына қарсы халықаралық күні деп бекітті.

Есірткі – адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті тыйым салынған улы зат. Ол адамның есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, нашақорды есірткісіз өмір сүре алмайтын халге жеткізеді. Есірткі затты қолданатындардың басым көпшілігі – мектеп жасындағы қолдаспiрiмдердi қамтиды. Өйткенi, олар елiктегiсi келедi. «Бiр рет есірткіні жолданса өштеңе ете қоймас» деген олар қалай нашақор болғанын білмей қалады.

Нашақорлық – болашақ қоғамымызға төніп тұрған қауіпті дерттің бірі. Оған аулақ болудың амалы – ешқашан оның дәмін татпау. Нашақорлық дерттен шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындей күйге түсіп, өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді, өзін тұла ретінде жоғалтады. Есірткіге ақша табу үшін нашақорға ұрлық, зомбылыққа баруына тура келеді

Мамандардың айтуынша әр нашақор жылына кем дегенде он адамды нашақорлыққа тартады екен. Осылайша, есірткі тұтынушылардың қатары көбейеді. Ал егерде нашақорда АИТВ жұқпасы болса, ол жылына 20 адамға осы дертті жұқтыру мүмкін деген жорамал бар. Есірткі тұтынушыға көбінесе психикалық тұрғыда әлсіз, өз көзқарасы жоқ, жүйке жүйесі нашар жастар тез еріп кетеді.

Инъекциялық жолмен есірткі тұтыну АИТВ-ның таралуының негізгі факторы болып табылады. Көктамырға инъекциялық жолмен енгізілген есірткілер ерекше қауіп туғызады. Есірткі қабылдағандар АИТВ, гепатит В, С және тәжі басқа жұқпаларды жұқтыруы мүмкін АИТВ және есірткі нашақорлық – адамды өзін-өзі өліміне итермелейтін қорқынышты да, қатерлі дерт. Сондықтан Жезказған қаласының ЖИТС орталығында АИТВ жұқпасының нашақорлар арасында өршіп кетпеуін болдырмау үшін «Зиянды төмендету» бағдарламасы жүзеге асуда. Бағдарламаның арқасында ЖИТС орталығында сенім пунктi, достық кабинетi жасырын әрi төпiн тұра жұмыс атқарады. Әр нашақор ЖИТС орталығында жылына екі рет тестіленеді өтуі керек.

Соңғы уақытта көптеген қалаларда қауіпті синтетикалық есірткіні жарнамалау белең алған. Олар адам азғасында тәуелділікті тез қақыптастырады. Оны бір рет тұтыған адамның орталық жүйесі жүйесі қақыпанады да, қайта қалпына келтіруге ұзақ уақыт қажет болады. Мидың жұмысын өсіретін, адамды психикалық ауруға айналдырады. Статистикалық деректерге қарағанда, синтетикалық есірткіге тәуелді болатындардың басым көпшілігі – 14-21 жас аралығындағы жасөспірімдер. Синтетикалық есірткілердің ішіндегі ең қауіптісі каннабиноидтар – яғни, спайс, басқаша айтқанда, «түздар». Синтетикалық есірткілердің 200-ден астам түрі анықталған. Дегенмен, әлі де тыйым салынған препараттар тізіміне енгізілмегендері де баршылық.

Синтетикалық препараттардың адам денсаулығына тигізетін зияны әдеттегі дестүрлі есірткіден бірнеше есеу. Ал оған тәуелділік тез дозаны қабылдағандан кейін пайда болуы мүмкін. Синтетикалық препараттар қолданыла бастаған бірқатар облыстарда АИТВ-жұқпасының таралуы айтарлықтай өсті, ал ғалымдар белгілі бір тәуелділікті анықтады: есірткіге тәуелділіктің 10% -ға артуы АИТВ-жұқпасының таралуын 30% -ға арттыруға әкеледі.

Есірткі – оны тұтыныатын адамның өмірін жалмайтын тозақ дерті. Сондықтан оған қарсы барышамыз болып жұмылсақ қана айналысатындары адамдарды, ұрпағымызды оның құрығынан сақтап қаламыз.

Гүлбаршын ӘЛИЕВА,
«Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдың алу және күресу жөніндегі орталығы» КМК Жезказған бөлімінің дәрігер-эпидемиологы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

26.10.1999 ж. туған Ботақоз Ғабиденқызы Зәкірбайдың атына берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

QAZAQSTAN
06:05 «Қазақ даласының құпиялары», 06:25 AQPAPAT, 07:00 «ТАНСHOLPAN», 10:00 «Қыздар», 10:50 «Отыңды өшірме», 11:45 «Qyzuq eken...», 12:35 «AN JYLUY», 13:00 AQPAPAT, 13:10 «Бір фотосуреттің тарихы», 13:25 «Kynlll tolynyu», 14:00 «Ауыл сақшысы», 15:00 «Гүлпері», 16:00 «SHANYRAQ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Bizen birgel», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 AQPAPAT, 20:40 «Отыңды өшірме», 21:40 «ГҮЛПЕРІ», 22:40 «BIZBEN BIRGE», 23:30 AQPAPAT, 00:05 «Shafyuar», 00:55 «Mınbe». 01:35 «Kel-bet», 02:00 «Qyzuq eken...», 02:40 «Qareket», 03:30 AQPAPAT.

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 07:00 «Тобот», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Тобот», 10:20 «Тур де Хабар», 10:45 «Келіжан», 11:15 «На қрылых любви», 12:00 Жаңалықтар, 12:10 «Банко аңыз», 12:25 «Алтын бал», 13:00 Новости, 13:10 «Путь Лидера. Желеная гора», 15:00 «Давайте говорить!», 15:45 «На қрылых любви», 16:30 «Төле би», 17:25 «Түркі өлемінің Лидері», 18:00 «Жұмбақ

жандар», 18:45 «Өгей жүрек», 19:30 «Келіжан», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Online», 21:00 Итоги дня 21:30 «Төле би», 22:30 «Путь Лидера. Огненная река», 00:10 Қорытынды жаңалықтар, 00:40 «Жұмбақ жандар», 01:25 «Өсем әуен».

АСТАНА
06:00 «Таңдауым сен», 07:00 Аружанмен бой жауу жаттығулары, 07:10 Разминка с Аружан 07:20 «Қош келдіңіз», 08:00 Мультфильм, 10:00 «Абысындар», 11:30 «Аватория», 12:30 Мультфильм, 14:00 Күнділі жаңалықтар, 14:20 «MonyTime», 14:40 «ТенгеманияNEXT», 15:00 Құдайберген Бөкшiнiң 16:30 «Қорғаныс», 17:30 «RuH.kz», 18:00 «Кешікен хат», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 «Новости <20:30>», 21:00 «Таңдауым сен», 22:00 «Абысындар», 23:30 «Бір туған», 00:30 «Жетер», 02:30 Жаңалықтар, 03:00 «Ән мен өзім».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 08:20 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 10:00 НОВОСТИ, 10:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 12:40 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 14:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 17:20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 18:00 «СҮЙКІТ ДЕНИЗ-2», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:30 «ЛЕСНИК, СВОЯ ЗЕМЛЯ», 23:30 «СИЛНБЕЕ СУДЬБЫ», 01:10 «АТАЛАР СӨЗІ», 01:45 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ», 03:50-04:30 «КТК. ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА
06:00 «Жаңа келін», 06:50 «Элиф», 09:00 «Черепахи-ниндзя», 11:00 «Легко на помине», 12:50 «Жаңа келін», 15:00 «Жазмыш», 16:00 «Вероника не хочет умирать», 17:10 «Спецотряд «Кобра 11», 18:50 «Охотник за головами», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Элиф», 23:10 «Зың-зың Куллаш», 00:10 «Охотник за головами», 02:10 «Спецотряд «Кобра 11», 03:00 «Элиф», 03:45 «Өз ойым», 05:00 «Жаңа келін».

31
05:50 «Жігіттер», 06:00 «Жігіттер», 06:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 07:00 Информбюро, 08:00 «Маша и

Медведь», 09:30 «Әзілдер жинағы», 11:30 «Жігіттер», 12:30 «Үш қыздың құпиясы», 13:30 «Әзілдер жинағы», 14:30 «Тимон и Пумба», 15:00 «Лило и Стич», 16:00 «Воронины», 17:50 «Ивановы-Ивановы», 20:00 Информбюро, 21:00 «Үш қыздың құпиясы», 22:50 «Біздің каланың ханадаасы», 00:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 01:30 «Келіндер бәйгесі», 02:20 Ризамын 03:30 Әзіл студия 04:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері.

ДИДАР
08:00 «Дидар», 08:30 «Гороскоп», 08:35 «Таңғы шоу», 11:35 «Өмір тынысы», 12:15 «Я верю в себя», 13:00 «Дидар», 13:30 «Рухани жанғыру», 13:45 «Асыл-ана», 15:25 «Өзің сен», 16:00 «Хабарландыру», 16:30 «Ән шашу», 17:00 «Айша», 18:00 «Дидар», 18:15 «Мультфильм», 18:30 «Гороскоп», 18:35 «Хабарландыру», 19:05 «Я верю в себя», 19:50 «Антология. М.Хамзин», 20:05 «Ұлы даланың жеті қыры», 20:30 «Дидар», 21:00 «Сәлем», 22:00 «Панорама дня», 22:20 «Территория происшествий», 22:30 «Тәулік тынысы», 22:55 «Өзің сен», 23:30 «Дидар».

Медведь», 09:30 «Әзілдер жинағы», 11:30 «Жігіттер», 12:30 «Үш қыздың құпиясы», 13:30 «Әзілдер жинағы», 14:30 «Тимон и Пумба», 15:00 «Лило и Стич», 16:00 «Воронины», 17:50 «Ивановы-Ивановы», 20:00 Информбюро, 21:00 «Үш қыздың құпиясы», 22:50 «Біздің каланың ханадаасы», 00:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері, 01:30 «Келіндер бәйгесі», 02:20 Ризамын 03:30 Әзіл студия 04:30 Алдараспаң Нысан, Шаншар әзілдері.

ДИДАР
08:00 «Дидар», 08:30 «Гороскоп», 08:35 «Таңғы шоу», 11:35 «Өмір тынысы», 12:15 «Я верю в себя», 13:00 «Дидар», 13:30 «Рухани жанғыру», 13:45 «Асыл-ана», 15:25 «Өзің сен», 16:00 «Хабарландыру», 16:30 «Ән шашу», 17:00 «Айша», 18:00 «Дидар», 18:15 «Мультфильм», 18:30 «Гороскоп», 18:35 «Хабарландыру», 19:05 «Я верю в себя», 19:50 «Антология. М.Хамзин», 20:05 «Ұлы даланың жеті қыры», 20:

БІЗДІҢ КИНО

«НАЗА» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Британдық әйгілі кинорежиссер Альфред Хичкоктың «Ұлы фильм жасау үшін үш нәрсе керек: сценарий, сценарий және тағы да сценарий» деген сөзі бар екен. Ия, терең мағыналы, кең толғамды сценарийге құрылған фильм ғана көрерменнің ыстық ықыласына бөленері сөзсіз. Осындай жарық көргеніне көп болмаса да, киносүйер қауымның жоғары бағасына ие болған туындылардың бірі – «Наза» көркем фильмі. Жуырда ғана Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы тусәукесері болған фильмнің режиссері әрі сценарий авторы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын, прозаик, драматург, аудармашы жерлесіміз Кенжебай Ахметов.



Өмірде көп кездесетін шынайы оқиғалар желісіне құрылған фильмнің қаламыздағы тусәукесер көрсетілімі Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде болды. Нұр-Сұлтан қаласында Сенат депутаты Оралбай Әбдікерімов бастаған бір топ зиялылар қауымы жоғары баға берген «Наза» фильмімен жезқазғандықтар да жылы лебізін қабылдады. Басты рөлдегі Асанбек қарияның шарасыздыққа толы

аянышты халін суреттейтін көркем фильмнің басты рөлін Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалы-драма театрының әртісі Жұмағазы Бірмұқанов сомдайды. Досжан Жанботаев бастаған Амангелді Бұқар, Әбибулла Жүгінісов, Айтжан Жүнісова, Мәдина Байкенова, Перизат Несіпбаева, Қарлығаш Көшербаева, Дәрігул Алдажанова, тағы да басқа әртістер

тобы мен фильмді әсем өніммен тербеген композитор Халықбергін Әбілжановтың да еңбегі көрермендер тарапынан үлкен қошеметке ие болды. Жезқазған қаласымен қатар, қала сыртында, Ұлытау, Жаңаарқа аудандарында түсірілген фильмнің көрерменге жеткізбек ойы да үлкен салмаққа ие.

– Бұл фильмді мен де сіздермен бірге алғаш рет тамашалап отырмын. Кенжебай Ахметовтің «Наза» көркем фильмі шынайы өмірді суреттеген терең философияға құрылған ерекше туынды. Бұл фильмнің қазіргі заман жастарына, жалпы көрермен қауымға берер тағылымы өте мол – деп Халық әртісі Досжан Жанботаев өзінің жоғары бағасын берді.

Фильмнің тусәукесері соңында сөз алған Кенжебай Ахметов барша әртістер қауымы мен қолдау көрсеткен өнер жанашырларына үлкен алғысын білдірді. «Наза» фильмінің бүкіл жұртшылыққа арналған көрсетілімі де көп күттірмей қала тұрғындарына жол тартатын болады. Алдағы уақытта күміс көмей әнші Жақсыкелді Сөйловке арнап тағы бір көркем туындының жарыққа шығарғалы отырған сегіз қырлы, бір сырлы азамат Кенжекеңе бізде сәттілік тілейміз!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МАРАПАТ

ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Полиция күніне орай Жезқазған қалалық полиция басқармасында өткен салтанатты жиын жеке құрам мен ардагерлердің басын қосты.



Полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Амангелді Құрманов жиналған әріптестерін құттықтауға асықты.

– Қазақстан полициясы күні – ел полициясын құрған және сол полиция қатарында қызмет етіп жүргендерге алғыс білдіретін күн. Полицияда қызмет атқару – әділетсіздікпен шексіз күрес жолында, өз кәсібіне қажеттілікті сезінетін адамдардың ғана қолынан келетін күрделі іс, – деді де азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз өмірін қиюға даяр полиция қызметкерлеріне деген ақ тілектерін ақтарды. Және жылдағы дәстүрге сай ерен еңбек пен мінсіз қызметпен дараланған тәртіп сақшыларын марапаттады. Бұл жолы II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі полиция капитаны Жандос Романовқа, полиция лейтенанты Жанат Салықбаевқа, полиция капитаны Асылжан Жарқамысовқа, полиция майоры Есенғали Қасымбековке бұйырса, Руслан Кожегулов III дәрежелі медальді иегері атанды. Ал ғұмырының ширек гасырын тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне арнап, қылмыстың алдын кескен полиция басқармасы басшысының орынбасары полиция подполковнигі Алмасхан Баданбаев «Ардагер» төсбелгісімен өленді.

Үлкенге дейім құрмет көрсетіп, төрін ұсынатын полиция

басқармасының құрамы салтанатты жиында да бағыт-бағдар беретін аға ұрпақтың еңбегін дәріптеп жатты. Атап айтқанда, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін Аманбек Мұқатаевқа Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатын тапсырса, Айгүл Медебаева бастаған бір топ ардагерлер ПБ басшысының грамотасын иеленді. Қарағанды облысының ПД бастығы полиция полковнигі Ерлан Фаизуллиннің Алғыс хатын Аршагүл Екібаева, Асылжан Жарқамысов пен Бахтияр Байқадамов, Абай Құштамбаев алды. Қоғамдық тәртіпті сақтауда өзінің қызметтік міндеттерін адал атқарғандары үшін тағы ондаған полиция қызметкеріне

көптің алдында алғыс жарияланды. Тәжірибесі мол ардагерлердің атынан сөз алған Аманбек Мұқатаев полиция қызметінің қалыптасу тарихына тоқтала өтіп, жылдар зулап, гасыр өтсе де тәртіп сақшыларының міндеті еш өзгермейтінін тілге тиек етті. Сонымен қатар, аға ұрпақтың абыройлы ісін жалғаса жас буында аңтына адал болып, тұрғындардың құқығы мен тыныштығын сақтауда қалтқысыз қызмет етуге үндеді. Мерекелік жиынның ажарын келтірген жергілікті өнерпаздар жиналғандардың ыстық ықыласына бөлене отырып, тәртіп сақшыларына мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Диана ОРАЗАЛИНА

СЕРПІН – 2050

«ЖАТАҚХАНА – ЕКІНШІ ҮЙІМ», –

деп сыр шертті студенттер



Жатақхана – студенттік өмірдің дәмін татқан көз келген жанға таныс әрі ыстық мекен. Ата-ананың жанынан алғаш рет жыраққа шығып, жүрегі сан тарапқа алып-ұшқан жас студенттің ендігі ұясы – да осы жатақхана. Әуелгі де сан түрлі сезімге бой алдырып, жасқана да жатырқай кірген бұл шаңырақ кейіннен екінші үйіне айналып кетеді. Осы шаңырақпен байланысты өмірдің ең қызықты сәттері де мәңгі есінде сақталып қалады. Шындығында жатақхана – студентке берілген үлкен мүмкіндік, зор көмек. Ендеше, кім-кім болса да сағына еске алатын, жатақхана

ұғымымен көңінен танысқанды жөн көрдік. Сол мақсатта қаламыздың кейбір ошақтарындағы жатақханалардың хал-жайы туралы студенттердің өз аузынан естігенді жөн санап, біз де бас сұқтық.

Алғашқы бағыт Жезқазған гуманитарлық колледжі болды. Былтыр ғана күрделі жөндеуден өткен жатақханада 70 студент тұрады. Оның – 17-сі ғана

«Жігер» жастар қозғалысы мен «Балдаурен» оқу-практикалық кабинеті жұмыс жасайды. Жатақханының бірінші қабатында барлық колледж студенттері арналған кітапхана орналасқан. Бұл жерде студенттер қалаған кітаптарын оқу, сабаққа қажетті кез келген мәліметті таба алады. Жатақхана кітапханашысы Айнагүл Төлегенқызының айтуынша, жатақхана жастары кітапқа өте құмар екен. Жатақхана тұрғындарының басым көпшілігі – алыс-жақынды аудандардан және Қызылорда облысынан келген жастар. Олардың саны қыс айларында еселей түсетін көрінеді. Өйткені, Весовой елді-мекені мен Сәтбаев қаласының жастары жол қатынасына байланысты жатақханаға орналасады екен.

Ынтымақ пен ырыстың ордасындай болған Жезқазған бизнес және кәлік колледжінде де жатақхана бар. Жүз жасты бір шаңырақтың астында ұйытып отырған жатақханада Жаңаарқа, Ұлытау аудандарының жастарымен қатар, «Серпін-2050» бағдарламасымен өліміздің өзге өңірлерінен келген ұл-қыздар да қоныстанған. Биыл IV курсты тәмамдап, қолына диплом алғалы отырған Айнур Шерихан жатақхана өмірін былайша баяндады:

– Маған өз жатақханам ұнайды. Ұстаздарымыз жатақхана жастарымен тығыз қарым-қатынаста. Олар бізден қолдан келген көмектерін аяған емес. Төрт жылда Жезқазғанға бауыр басып қалдым. Сондықтан, оқу бітірген соң, осы колледжге жұмысқа орналасып, мысты өлкенің өркендеуіне үлес қосқым келеді, – деп ағынан жарылды.

Жезқазған көлік және бизнес колледжінде де психолог маман мен медбике жұмыс жасайды. Жатақхана қабырғасында студенттер өз игілігіне пайдаланатын компьютермен жабдықталған оқу залы бар. Сонымен қатар студенттер бос уақытында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойнап, арнайы спорт алаңында жаттығады. Бұл жатақхананың өзге жатақханалардан ерекшелігі – студенттерді бір мезгіл тегін тамақпен қамтамасыз етіледі және жатын бөлмелерге ақы төлемейді.

«Серпін-2050: Мәңгілік ел жастары индустрияға» білім бағдарламасы аясында ең көп студент қоныстанған жатақханалардың бірі – Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне тиесілі. 400 орындық жатақханада Алматы, Қызылорда, Шымкент, Түркістан, Маңғыстау, Ақтау, Тараз өңірлерінен «Серпін-2050» бағдарламасы арқылы білім алып жатқан 365 жас орналасқан. Жезқазған университеті жатақханасының белсенді тұрғындарының бірі – III курс студенті Санжар Кеңес.

– Бірдей ойлайтын, бір дәуірдің жастарымен бір шаңырақ астында тұрып, бір ортада тоғысу үлкен мотивация береді. Жатақханадан өзін және өзгені қалыптастыруға үйренген, нағыз достыққа адал сертке мығым, болашақта мықты тұлға болып қалыптасар жастар шығады деп ойлаймын, – дейді Санжар.

Бұл жатақханада студенттерге арналған демалыс бөлмесі, асхана, компьютермен жабдықталған оқу залы, медбике бөлмесі жұмыс жасайды. 250 орынға шақталған жаңа жатақхана келесі жылдан бастап іске қосылады. Командант, кезекші, У-шу тірлік. Асханада тамақ иісін бұрқыратқан қыздар мен сол қыздардың қазанын «аңдыған» қылжақбас жігіттер. Үлкен қалаға енді ғана келіп, жан-жағымен елі дұрыс таныса қоймаған, кітаптан бас алмай жүрген «балмұздақтар» мен төрт жылдан бері жатақхананың төрін мекендеп, командантпен дос болып кеткен жоғары курс студенттері. Міне, осынау қызықты шақтар Сіздің де есіңізге студенттік шақтағы біраз қызықтарды оралтқаны анық.



ер бала, қалғаны – қыздар екен. 9-сыныптан соң осы оқу ордасына түсіп, жатақхана тіршілігіне ерте араласқан студенттердің бірі – он бес жасар Сәнім Рамазанова.

– Әуелде ата-анамды, үйімді қатты сағынып үйренісе алмадым. Уақыт өте бұл жер өз үйімдей болып кетті. Жатақханаға келіп бұрын білмейтін жұмыстарымды үйреніп, үй шаруашылығына да теселе түстім. Жатақхана ата-анадан жыраққа ұқыптылыққа, жауапкершілікке үйретеді, – дейді ол.

Жезқазған гуманитарлық колледжнің жатақханасында студенттерге жасалған мүмкіндіктер зор. Жатақханада медбике мен психолог жұмыс атқарады. Сондай-ақ, асхана, жуынатын бөлме, кір жууға және үтіктеуге арналған бөлмелермен қатар, мекшілік залы, кино залы, музыка кабинеті,



Жыл сайын қаламыздағы оқу орындарының ауқымы кеңейіп, республиканың түпкір-түпкірінен білім іздеп келген студенттер саны артауда. Бұл жатақханаға деген сураныстың да көбейгенін білдіреді. Міне, студенттік өмірдің әсем көрінісі мен көркем естеліктеріне толы жезқазғандық



жатақханалардың бүгінгі жай-күйі осындай. Ел болашағын иығына артқан жастардың тұрағы, «студенттер үйі» қала жатақханаларының жағдайы алдағы уақытта да назардан тыс қалмайтынына сенім мол.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БРИФИНГ

САҚТЫҚ ШАРАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жезқазған қаласының төтен ше жағдайлар басқармасы жергілікті БАҚ өкілдерін жинап, брифинг өткізді. Ондағы басты мақсат – тұрғындарға судағы қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұғындыру және әркім өз өміріне жауапты екенін жеткізу еді. Өйткені, суда шомылу науқанының енді басталғанына қарамастан су үш адамның өмірін жалмаған.

БАҚ өкілдерінің сұрақтарына Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғаныс тобының аға офицері Дулат Асанов пен басқарманың зілзаланың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау саласында бақылау тобының бас маманы Дидар Құйбабаев жауап берді. Кездесуді жүргізген Дулат Асанов алдымен судағы сақтық шараларына тоқталуды жөн көрді.

– Тұрғындардың судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында облыстық төтенше жағдайлар департаментіне қарасты жедел құтқару жасағының Жезқазған қаласының құтқару құрылымы аянып қалмауда. Күнделікті Кенгір су қоймасының акваториясына ТЖБ, ЖПҚ, құтқару құрылымдар мен еріктілерден құралған топ кезекшілік етеді. Барлығы 15 адамнан тұратын жасақтар жағалауды торап, суда қайғылы оқиғаның орын алмауын қадағалайды. Сонымен қатар, арнайы жүзу құрылымдарымен жабдықталған екі жедел ден қою мобильді тобы да жұмылдырылған. Дегенмен, орын алып жатқан қайғылы оқиғалар



азаймай тұр. Бұған тұрғындардың бейжайлығы себеп, – деген ол суға батқан тұрғындардың басым көпшілігі «ақы судан» ұрттап, рұқсат етілмеген жерлерде шомылатын көрінеді. Сонымен қатар, ата-ана қарауынсыз қалған балалардың да өмірі суда қыршынан қиылып жатқаны тағы бар. Осы ретте жауапты мамандар ата-аналарды барынша сақтыққа шақырады.

– «Сақтансаң, сақтайды» демей ме халық даналығын? Қазір балалар жазғы демалысқа шығып, бос уақыттарын өз қалағанынша өткізетін кезең. Дәл осы сәтте олардың қатысуымен жасалатын құқық бұзушылықтар мен қайғылы оқиғалар жиілейтін белгілі. Сондықтан, ата-аналар баласына бас-көз болып, олардың үлкендердің қарауынсыз жағалауға бармауын қадағаласа,

– деп тілек білдірді Дидар Нұртуғанұлы.

Суға шомылу маусымы басталғалы бері 136 патрульдік шара өткізіп, 79 рейд кезінде 4842 жадынама таратып, шомылуға тыйым салынған 14 жерге арнайы белгі орнатылды. Сонымен қатар, бір адамның өмірі құтқарылды.

Брифинг барысында төтенше жағдайлар басқармасының жұмысымен танысқан тілшілер қауымы өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Оның ішінде балалардың сүйікті ойын алаңы батуттарды пайдаланудың тәртібі жөнінде сөз қозғалды. Барлық батут иелерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізумен ғана шектелетінін жеткізді төтенше жағдайлар басқармасының мамандары.

Бота ШАЛҚАР

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

САЛЫМШЫЛАР СҰРАҒЫНА ЖАУАП БЕРДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тұрғындардың зейнетақы жүйесіне қатысты барлық сұрақтарына жауап беру мақсатында ашық есік күнін өткізді.

Ел арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуді дәстүрге айналдырған қор бұл жолы тіпті жаңа форматқа көшіпті. Ашық есік күнінде кеңес сұрай келгендерге қор мамандарымен қатар әлеуметтік қызметтер көрсететін мемлекеттік органдардың, қоғамдық және мемлекеттік емес бірлестіктердің өкілдері кеңес берді. Атап айтқанда, тұрғындар Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, қалалық жұмыспен қамту орталығы мен әлеуметтік төлемдерді ведомстворалық есептеу орталығы мамандарынан өздерін толғандырған сауалдарға нақты әрі тұщымды жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

Тұрғындармен диалог орнатуға жол ашатын ашық есік күнін өткізудегі басты мақсат – салымшыларға зейнетақы және әлеуметтік сала бойынша жан-жақты ақпарат беру және тұрғындар арасында ең суранысқа ие қызметтерді бір жерде, яғни «бір терезе» қағидаты бойынша ұсыну болып табылады.

Шара барысында азаматтарды бірінші кезекте зейнетақының неден құралатындығы қызықтырды. «Азаматтарға арналған үкімет»



Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ өкілдері базалық және ортақ зейнетақы, ал қор мамандары өз кезегінде зейнетақы төлемдерінің жинақтаушы бөлігі туралы әңгімеледі. Сонымен қатар, шара барысында әлеуметтік сақтандыруға да қатысты сұрақтар қойылды.

Бала күтімімен декреттік демалыста жүрген әйелдер үшін бюджеттен міндетті зейнетақы жарналары бойынша қосымша көмекқаржы бөлінетіндігінен әйелдердің көпшілігі бейхабар болып шықты. Еске сала кетелік, жұмыс істейтін әйелдердің Қордағы жеке зейнетақы шотына баласы бір жасқа толғанша мемлекеттік бюджет пен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорынан міндетті зейнетақы жарналары аударылып отырады. Мұны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады. Кездесу барысында тұрғындар зейнетақы жүйесінде жаңашылдықтармен қатар, мемлекет тарапынан ұсынылатын әлеуметтік қолдау түрлерімен жұмысқа орналасу мен өз бизнесін ашудың жолдарымен танысты. Ашық есік күнінің соңында қатысушылардың барлығына бағалау сауалнамалары таратылып, олар өз ұсыныс, пікірлерін ашық білдірді.

Бота ШАЛҚАР
Суреттерді түсірген
Галия ӘБДИҒАППАРОВА